

№20

/Сәрсенбі/

23 мамыр 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙҒАҚ

М Е Д И А



ӘЛЕМ НАЗАРЫН АУДАРТҚАН ЕУРАЗИЯЛЫҚ ФОРУМ



Әлем назарын аударған Еуразиялық Форумға Оңтүстік Қазақстаннан 10-нан аса делегаттар қатысуда. Облыстық мәслихаттың депутаты бастаған топтың ішінде «Айғақ» телеарнасының бас редакторы Салтанат Тойболова, «Айғақ» республикалық газетінің бас редакторы Ұлжан Наушабаева,

«Жетісай жаңалықтары» газетінің бас редакторы Ақерке Бақтыбаева, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Серік Жанәбіл, «Шаян» газетінің бас редакторы Ұлан Абзалұлы, тағы басқалар бар.

Әр жылы әлемді алаңдатқан тақырыптар қозғалатын форумның бұл жолы

«Эволюцияның 15 жылы: құбылмалы дүние және бізге өзгеріс әкелген әлем» атты тақырыбына арналып отыр.

Медиа форум – Қазақстан үшін жаңарудың, дамудың, жұмыс сапасын арттырудың озық үлгісі. Әлемдік аренада өз орнын дөп басқысы келетін әрбір мемлекет ашық пікірталас алаңдарына көбі-

рек жүгінеді. Түсіністікке, диалогқа ұмтылады. Еуразиялық медиа форум 2001 жылы құрылған болатын. Халықаралық форумның бастамашысы әрі жобаның авторы Дариға Назарбаева. Ал, биылғы шараға арқау болып отырған тақырып – «Эволюцияның 15 жылы: әлем өзгерісі мен бізді өзгертуі». Қаралатын тақырыптардың барлығы өзекті, халықаралық қарым-қатынас, қоршаған орта және Еуропалық одақ эволюциясы, медиа саладағы заманауи технологиялар: блог-сфера мен фейк-жаңалықтар.

Яғни, форумның тұсаукесерінде жиынның негізгі мақсатын: Шығыс пен Батыс көшбасшылары арасындағы өзара түсіністік пен диалогты нығайту арқылы аймақтық және ғаламдық мәселелерді ортақ түсінуге үлес қосу» деп түсіндіріп өткен болатын. Міне, расында да әлем назарын аударған алқалы жиын бүгін өз жемісін беріп отыр.

Еуразиялық Медиа форум да өткір проблемалар нақ осындай бейбіт диалогпен және ынтымақтастық жолымен шешуде маңызы зор.

Салтанат ТОЙБОЛОВА.

ТӨЛЕБИЛІК

көсіркер

САРЫМСАҚ
ӨСІРУДІ
ҚОЛҒА АЛДЫ

Ауыл шаруашылығын дамыту маңызды мемлекеттік басымдықтардың бірі болып табылатынын Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан нақты байқауға болады. Өртараптандырудың басқа бір маңызды сегменті агроөнеркәсіптік кешенді дамыту болып табылады. Ауыл шаруашылығы сонау заманнан бері қазақ халқының негізгі күнкөріс көзі болып келді. Аталмыш сала бүгінгі таңда да өз мән-мағынасын жоғалтпай, ел экономикасының негізгі күретаымының бірі болып саналады.

Аталмыш жоба аясында, 2016 жылы «Тасарық» ауылдық округіндегі тастақ жерді техниканың күшімен игеріп, жүзімбақ екен жеке кәсіпкер Сабыржан Танабаев ауданда үлкен көлемде сарымсақ егуді бірінші болып қолға алды, деп хабарлайды Төлеби ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

Алғашқыда 10 гектарға жаңа технологиямен жүзім екен шаруа өткен жылы қосымша он гектар жерге 16 мың түп көшет отырғызып, былтырғы жылы алғашқы жемісін жинап алды. Еңбегіне қолдау тапқан жеке кәсіпкер жүзім алқабының әр гектарына мемлекет тарапынан 750 мың теңгеден субсидия алды.

Ал, биыл шаруа Төлеби ауданының «Тасарық» ауылдық округіндегі 10 гектар ескі алма бауының орынына тың әдіспен сарымсақ егуді қолға алды. Ол аталған жердің 2 гектарына жабайы сарымсақтың ұрығын отырғызып, жаңаша әдіспен қолдан мәденилендіруде. Сәтін салса, гектарынан он тонна өнім алып, шетелге шығаруды көздеп отыр.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы аудандағы 10,7 гектар үйіргелік жерден 178 тонна сарымсақ жиналған болатын. Бұл Төлеби ауданы тұрғындарының соңғы жылдары ауыл шаруашылығы саласына ден қойып жатқанын аңғартады.

БИЫЛ 20 МИЛЛИОН КӨШЕТ ӨСІРІЛЕДІ

«Жасыл экономиканы» қалыптастыруда көптеген экологиялық проблемалар алдан шығып отыр. Оның бастыларына тоқталар болсақ, әрбір азамат өзі күн кешіп отырған отбасынан бастап, Отан аумағын таза сақтап, ластанудан қорғау, ауа мен судың бүлінуіне жол бермеу, жердің тозуына, кейбір өзен-көлдердің шарасы тарылып бара жатқанын жұрт болып жұмылып, қалпына келтіру ісіне үлес қосу.

Оңтүстік Қазақстан облысында биылғы жылы орман қоры жерінің 10500 гектарына сексеуіл тұқымы себіледі. Сонымен қатар, 1000 гектар жерге мәдени екпелер егіліп, 5500 гектар алқапқа орманның табиғи ұрпақтануына ықпал жасау жұмыстары жүргізілетін болады. Аталған жұмыстар, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың 2013-2020 жылдарға арналған іс-шара жоспарының «Экожүйелерді басқару» бөлімін іске асыру аясында атқарылмақ. Бұл туралы, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мәлім етті.

Олардың айтуынша, аталған іс-шара



жоспары шеңберінде орман тұқымбақтарындағы көшеттердің санын биыл 20 миллионға жеткізу жоспарланған. Ал, мұнда өткен жылы 16,3 млн. дана көшет өсірілген екен. Орманды молайту шараларын жүргізу нәтижесінде, орманмен көмкерілген аумақ 2016 жылы 6,3 мың гектарға, 2017 жылы 9,3 мың гектарға ұлғайтылған. Осылайша, орманмен көмкерілген алқап 1 млн. 629 мың гектарға жеткен. Бұл жалпы аума-

ғы 3 млн. 139 мың гектар болатын орман қорының 51 пайызын құрап отыр.

Жасыл экономикаға көшу бойынша бұдан басқа облыстағы елді мекендерді көгалдандыру мақсатында 2017-2021 жылдарға арналған «Шатқал» іс-шара жоспары бекітілген.

Алдағы бес жыл уақыт аралығында облыстың елді мекендердегі 36659 гектар болатын жерге 15,5 млн. түп ағаш көшеттері егілетін болады.



Тағайындау

Асқар МАМИН -

QazaqGeography қазақстандық ұлттық географиялық қоғамының төрағасы



Асқар Мамин QazaqGeography қазақстандық ұлттық географиялық қоғамының төрағасы болды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі ұйымның баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Мұндай шешім республикалық QazaqGeography қоғамдық бірлестігінің кезектен тыс өткен құрылтайында қабылданды. Құрылтай жұмысына QazaqGeography Қамқоршылық және Басқару кеңесінің және Qazaq Geography белсенді мүшелері қатысты.

“Құрылтайда ұйымдастырушылық, әсіресе жаңа лауазымды - QazaqGeography төрағасын енгізу мәселелері талқыланды. Дауыс берудің нәтижесінде Мамин Асқар Ұзақбайұлы сайланды. Сонымен қатар, Төраға туралы ереже бекітіліп, QazaqGeography Жарғысына тиісті түзетулер енгізілді. Құрылтай шеңберінде кеңес өткізіліп, ол QazaqGeography ұйымын дамытудағы өзекті мәселелерге арналды”, - делінген хабарламада.

QazaqGeography қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы республикалық қоғамдық бірлестігі 2013 жылы қазанда QazaqGeography Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Кәрім Мәсімовтің бастамасымен және қолдауымен құрылған, ұйым бес бағыт бойынша жұмыс істейді: география, климат; қоршаған орта, табиғи ресурстар; биоалуантүрлілік; туризм, саяхат, өлкетану; тарихи-мәдени мұра, этнография.

Дария ҚОЖАМЖАРОВА -

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінің ректоры

Қ о ж а м ж а р о в а Дария Пернешқызы – 1962 жылы 22 шілдеде Жамбыл облысы, Тараз қаласында көп балалы отбасында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1984 жылдан Жамбыл педагогикалық институтында оқытушысы болып бастап, Жамбыл педагогикалық институтында стажер-ізденуші, 1990 – 1995 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің аспиранты, 1995-2001 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті «Тарих» кафедрасының доценті, 2001 жылдан бастап М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті Педагогика факультеті деканының орынбасары қызметінен бастап, осы білім ордасында өртүрлі қызметті атқара келе ректорлық қызметке дейін көтерілді. 2017 жылдың 15 наурызында ЖОО ректорларын тағайындау жөніндегі Республикалық конкурстық комиссияның шешімімен Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры қызметіне қайта тағайындалды.

Дария Пернешқызы қоғамдық жұмысқа да белсене атсалысып жүрді. Яғни, 2016 жылдың наурыз айынан бастап VI шақырылған



Жамбыл облыстық мәслихатының депутаты. Облыстық мәслихаттың құқықтық тәртіп, әлеуметтік-мәдени салалар, гендерлік саясат және қоғамдық ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы.

2016 жылдың желтоқсан айынан бастап «Нұр Отан» партиясы

Жамбыл облыстық партиялық бақылау комиссиясының төрайымы. Қоғамжарова Дария Пернешқызы – халықаралық конференциялардың тұрақты қатысушысы, Тараз қалалық мәслихатының IV шақырылымының, Жамбыл облысы мәслихатының V шақырылымының депутаты.

Жамбыл облысы бойынша іскер әйелдер Ассоциациясының мүшесі, «Білім және әйел» секциясының төрайымы, Жамбыл облыстық мәслихатының марапаттау комиссиясының төрайымы. Қазақстан әйелдері I съезінің делегаты, Қазақстан Тарихшылар қауымдастығының және Жамбыл облыстық «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің мүшесі.

2017 жылдың 15 наурызында ЖОО ректорларын тағайындау жөніндегі Республикалық конкурстық комиссияның шешімімен Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры қызметіне қайта тағайындалды.

Руслан ӘЛІШЕВ -

Орталық коммуникациялар қызметі басшысы

Руслан Әлішев Қазақстанның Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Орталық коммуникациялар қызметі басшысы болып тағайындалды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі ведомствоның баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Руслан Әлішев Қанатханұлы 1978 жылдың 29 шілдесінде дүниеге келген. 1997 жылы Петропавл экономика және құқық колледжін, 2001 жылы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген.

Ал, 2006 жылы А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін төмамдаған. Әр жылдары Солтүстік Қазақстан облысы «Петропавл қаласының Ішкі саясат бөлімі» ММ өртүрлі лауазымдарда қызмет атқарған. Солтүстік Қазақстан облысы



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР 7 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ ҚАЛАҒАН КӨЛІК НӨМІРІН ТАДАЙ АЛАДЫ

Мемнөмірді заңсыз сатқан қарағандылық инспектор 2,7 миллион теңге айыппұл арқалады. Қазақстандық көлік иелері (VIP-тен басқа) кез келген мемлекеттік нөмірді 6 734 теңгеге сатып ала алады. Дегенмен, жүргізушілер нөмірді Тіркеу-емтихандық бөлімшелері мен арнайы ХҚКО-да барын ғана таңдайды, - деп хабарлайды Kolesa.kz. Көліктерді тіркеу ережелерінде жаңа пункт пайда болды - Тіркеу-емтихандық бөлімшелері мен арнайы ХҚКО-да бар қарапайым мемлекеттік нөмірлерді сандық және өріттік белгілерін таңдау еркіндігі. Мұндай қызметтің құны қалыпты нөмір берумен тең - 6 734 теңге (2,8 АЕК). Ал, бөлімшелерде бар нөмірлер арасынан ұнайтыны табылмаған жағдайда, оған тапсырыс беру арқылы алуға болады. ҚР ІІМ ӘПК-нің мәліметінше, тапсырыс берілген нөмірді дайындау уақыты Алматы мен Астана үшін 5 күн, ал қалған өңірлер үшін - 15 күн. Көлік тек нөмір алынған соң ғана тіркеледі. Сонымен қатар, мемлекеттік тіркеу нөмірінің бір дубликатын жасау үшін баж салығының жартысы ғана немесе 1,4 АЕК алынады. Мұның алдында толық төлем алынатын - 2,8 АЕК. Көліктерді тіркеу ережелеріне бұл өзгеріс 2018 жылдың 25 мамырынан кейін күшіне енеді.



«ТҰЛПАР-ТАЛҒО» ПОЙЫЗЫНА БИЛЕТТИ ЕРТЕ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА 35 ПАЙЫЗ ЖЕҢІЛДІК ҚАРАСТЫРЫЛҒАН



«Тұлпар-Тальго» пойызына билетті ерте сатып алушыларға 35 пайыз жеңілдік қарастырылған Қазақстан темір жолындағы жолаушылар тасымалдау кешені мен магистральдық инфрақұрылымы жазғы тасымалдау маусымына әзірліктерін аяқтап қалды.

Бұл туралы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ баспасөз қызметі хабарлады. Қазіргі таңда «Жолаушылар тасымалы» АҚ 2192 вагонды құрайтын жылжымалы құрам мүлік паркін әзірлеуде. Онда сенімді ауа баптағыштар орнатылады. Сүмен қамту жүйелері ретке келтіріледі. Вагондарға тиісті эстетикалық өрлеу жұмыстары жасалады.

Жолаушылардың сұранысына

орай, 2018 жылғы маусым - тамыз айларында Алматы-Семей, Алматы-Қостанай, Астана-Достық қосымша пойыз бағдарлары жолға шығады.

Жазғы тасымалдау маусымы кезінде пойыз бригадаларымен этика, сөйлеу мәнері, ағылшын тілін меңгеру арнайы нұсқамалық сабақтары тұрақты өткізіледі.

«Тұлпар-Тальго» жүрдек пойызына алдын-ала билет сатып алушыларға 35 пайыздық деңгейде жеңілдік қарастырылған.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың пойызда жайлы жүріп-тұруы үшін тиісті шаралар қабылдануда. 22 бағдардағы 37 жолаушылардың жылжымалы құрамына мүмкіндігі шектеулі жандардың кедергісіз мінуіне жағдай жасалды.

Жолаушылардың қоғамдық қауіпсіздігін сақтау шаралары қорғау орындарымен бірлесіп «Қауіпсіз пойыз», «Қауіпсіз вокзал» рейдтерін жүргізіп отырады. «Жолаушылар құқығы» жобасы аясында жолаушылардың құқығы мен мүддесіне нұқсан келген жағдайда шұғыл шаралар жасау көзделді.

Балалардың жазғы каникулы кезінде теміржолдар мен нысандары маңында жүру тәртібіне ерекше назар аударылады. Қазіргі кезде мектептерде түсіндіру жұмыстары

Ішкі саясат басқармасының бас инспекторы, орынбасары және бастығы. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары (әлеуметтік мәселелер бойынша). Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті Электрондық БАҚ басқармасының басшысы. “Нұр Отан” орталық аппараты Саяси жұмыстар департаментінде өртүрлі лауазымдарда қызмет атқарған. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитеті төрағасының орынбасары міндетін атқарушы қызметіне тағайындалды. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

Бұл аптада кімдер туылған?

24.05.1955 ж
Саттар Қуашбаев
Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың депутаты, Шымкент университеті экономика институтының директоры

25.05.1949 ж
Әтірхан Шыңғысбаев
Төлеби аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, “Құрмет” орденінің иегері

25.05.1962 ж
Құттыбек Татубаев
ОҚО Олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры

25.05.1982 ж
Әлібек Нұртаев
ОҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

26.05.1976 ж
Ерлан Қарин
“Қазақстан” РТРК” АҚ Басқарма төрағасы, с.ғ.к.,

28.05.1975 ж.
Нұрғұл Нүрекенова
Оңтүстік Қазақстан индустриалды-инновациялы колледжінің директоры

29.05.1947 ж
Әбілқасым Досболов
Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты

29.05.1963 ж
Бөріхан Нұрмұхамедов
Ұлттық зерттеу институтының директоры, саясаттанушы

Құрметті туылған күн иелері!
Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

КЕЗ КЕЛГЕН СМАРТФОН АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЛАТЫН ҚАРПІМЕН ЖАЗУҒА БОЛАДЫ

Ұялы телефонға қазақ тілді пернетақта орнату енді қиындық тудырмайды. Қазақ тіліне негізделген латын әліпбиінде қатесіз жазуға мүмкіндік бар. Оны кез келген адам App Store және Android жүйесінде қызмет ететін телефонға жүктеп ала алады. Бағдарлама Qazaq Latin Keyboard деп аталады. Бұл туралы “Астана” телеарнасының сюжетінде айтылады. Кеше, 15 мамырда аталған бағдарлама мен Resmihat.kz онлайн-порталының тұсаукесері өтті. Қос бағдарлама да қазақ тілін үйреніп, латын қарпінде оңай жазуды қамтамасыз етуді мақсат еткен. Қазірдің өзінде ешбір жарнамасыз демо-нұсқасын бес мыңға жуық қолданушы жүктеп алынды.

ЖЕР ЗАҢНАМАСЫНДА БАРЛЫҚ ТАЛАПТАР ЕСКЕРІЛГЕН



Ағымдағы жылдың 4 мамырында ҚР Президентімен «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 151-VI-ЗРК Заңына қол қойылған болатын. Бұл құжатта ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жеке меншікке сату және шетелдіктерге жалға беру туралы бірде-бір норма жоқ.

Бұл туралы ОҚО өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Созақбай Әбдіқұлов мәлім етті.

Оның айтуынша, Заң қоғамдық кеңес отырыстарында, басқа да қоғамдық алаңдарда жұртшылықпен, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен кеңінен талқыланды.

«Заңда ауыл шаруашылығы жерлерін беруге енгізілген мораторийдің шеңберін кеңейту қарастырылып отыр. Онда 1 пайыз болса да, шетелдік үлесі бар қазақстандық заңды тұлғаларға жер берілмейтін болады. Біріншіден, аталған Заңда ауыл шаруашылығы жерлерін қазақстандықтарға жалға беру нормасын сақтау және жетілдіру мақсатында жалға берудің жаңа әрі бөлек тәртібі қарастырылған. Екіншіден, ауыл шаруашылығы жерлерін үлкен көлемде «бір қолға» берілуін болдырмау мақсатында, әр облыстың өкімшілік аудандары шегінде ауыл шаруашылығы жерлерінің шектік мөлшерін белгілеу көзделген», - деді Созақбай Исаұлы.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы жерлерінің үлкен мөлшерін «бір қолға» беруге жол бермеу мақсатында, заң жобасымен қазақстандықтарға жалға берілетін ауыл шаруашылығы жерлерінің ең жоғары мөлшерін алқаптар бойынша республика, облыс және өкімшілік аудандар (қалалар) шегінде белгілеу қарастырылады.

Сондай-ақ, басқарма басшысының айтуынша, Заңда мемлекеттік шекараның шекаралық белдеуінде орналасқан ауыл шаруашылығы алқаптары ешкімге берілмейді, тек жергілікті халыққа жайылым, шабындық ретінде ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

Бұдан өзге, жергілікті тұрғындардың жеке аула малының саны жыл сайын өсуіне байланысты Заңмен жайылым жетіспеушілігін шешу мақсатында елді мекендер айналасында жайылым алаңдарын айқындайтын норма белгіленіп отыр.

Ешкі де қазақ халқының ежелден келе жатқан төрт түлігінің бірі. Ертеректе халқымыз ешкіні негізінен сүті үшін өсіргендігін «сойса еті- қалақтай, сауса сүті - бұлақтай», «ешкі сойып жесең-бір күндік, сауып ішсең -мың күндік»- деген мақалдардан айқын білініп тұр. Ешкі өте өсімтал болғандықтан тез өсіп, жылдам көбейеді.


Ешкінің еті де, терісі де, сүті де, қылшығы мен түбіті де, тіпті мүйізі де күнделікті тұрмыс кәдесіне жарайды. Ешкінің еті аздау болғанымен ерекше күтімді қажет етпейді. Көктем мен жаз айларында көкке жайылған ешкі сүтінің құрамындағы дәрумендер молайып әрі дәмі де өзгереді. Ол 600-ге тарта шөп түрін қорек етеді. Жылқы, сиыр және қой малы одан бірнеше есе аз шөппен қоректенеді. Осының арқасында ешкі сүті мен етінде адам ағзасына өте қажетті дәрумендер көп болады.

Бұл кезде жаңа сауылған сүттің емдік қасиеті өте күшті болады. Күн сайын тамақтың алдында жарты сағат бұрын бір кесе шикі ешкі сүтін ішіп алған адамның ағзасы сау болады, түрлі жұқпалы ауруларға бой алдырмайды. Жаңа сауылған сүттің тағы бір қасиеті - оның қуаты 4-5 сағатқа дейін ішектегі жағымсыз бактерияны жоюға қауқарлы болады. Қазіргі кезде дүние жүзінде 1 млрд-қа жуық ешкі бар деп есептеледі. Ешкінің саны жөнінен алдыңғы орынды Қытай елі иеленеді. Бұл елде 180 млн-ға жуық ешкі бағылады. Үндістанда -130 млн, Пәкістанда-50 млн, Бангладеште-40 млн, Иран мен Нигерияда-30 млн, Судан, Эфиопия, Индонезия, Сомали елдерінің әрқайсысында 20 млн шамасында ешкі өсіріледі. Біздің елімізде ешкінің саны 2 млн бастан аспайды.

Сүттің құрамында микроэлементтер, дәрумендер, ақуыздар бар.

Микроэлементтер құрамына: кальций, магний, фосфор, марганец, мыс. Дәрумендерге: А, В1, С, Д, В12, аскорбин қышқылы бар. Ақуыздың құрамына: Май 4,4 %, белок 3,6 %, лактоза 4,9 % бар.

Сүттің құрамында кальцийдің мөлшерінің мол болуы — жүрек-қан тамыр жүйесіне оңтайлы әсер етеді. Ешкі сүтінің көптеген емдік қасиеттері бар. Әсіресе, асқазан ауруларында, анемияда, көздің нашар кө-



ОҢТҮСТІКТЕ АЛҒАШ РЕТ ЕШКІ СҮТІНІҢ ӨНІМДЕРІ ШЫҒАРЫЛА БАСТАДЫ

руінде, диатезде пайдалы. Емшек жасындағы балаларды қоректендіру үшін аса қолайлы. Жалпы, педиатрлар ешкі сүтіне бір-ауыздан ықылас білдіруде. Балаларды қоректендіруде сиыр сүтіне қарағанда, ешкі сүті жарамды келеді. Әрине, бала үшін ана сүтіне жететін тағам жоқ. Бірақ, жасанды немесе аралас қоректендіруде ешкі сүті ана сүтін алмастыру үшін лайықты және 6 айдан асқан балалар үшін қосымша қорек ретінде пайдалануға болады. Ешкі туберкулезбен, бруцеллезбен, сиыр ауыратын басқа да аурулармен ауырмайды.

Осы мақсатта, кәсіпкер Жеңіс Тоғызақбаевтың бастамасымен Оңтүстікте алғаш рет тәулігіне 3 тонна ешкі сүтін өндіруге және 24 тонна сүт өңдеуге қауқарлы «Асыл тұқымды шаруашылық. Ордабасы ешкі сүт өнімдері» кооперативі құрылды. Жаңадан ашылған шаруашылықтың жұмысымен танысқан облыс өкімі Жансейіт Түймебаев аталған кәсіп түрін дамытудың жолдарын талқылады. Ешкі сүтінің адам денсаулығына пайдасы мол екенін айтып, атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.

Жұмыстың барысымен таныстырған серіктестік төрағасы Жеңіс Тоғызақбаев өндірістік кооперативтің іске қосылған бірінші кезеңінде сауын цехы мен сүт өңдеу зауытының және жем-шөп жинау гимаратының құрылысы аяқталғанын мәлім етті.

Оның айтуынша, Нидерланды елінен ешкінің Заа-

нен тұқымын сатып алған. Даму жоспары үш кезеңнен тұратын жобаның жалпы құны 1 млрд. 829 млн. теңгені құрайды. Қазір мұнда 500 бас ешкі болса, жоспар толығымен орындалғаннан кейін, 6 мың басқа жететін болады. Өсімділігі өте жоғары ешкі малы жылына егізден тауып, орта есеппен 100 басқа 200 төл береді екен.

Заанен тұқымының қазақстандық ешкілерден айырмашылығы – сүтті көп беруінде. Отандық ешкілер күніне көп дегенде 1,5-2 литр ғана сүт беретін болса, заанендіктер күніне 5-6 литр сүт береді. Бүгінде өндірілген ешкі сүтінен айран, қаймақ, құрт, сүзбе және йогурт өнімі шығарылып жатыр. Күніне екі мәрте сауылатын ешкі сүтінің литрі 500 теңге көлемінде саудалануда. Алдағы уақытта кәсіпорын Италия елінің жаңа технологиялы құрылғыларымен қамтылып, сауын процесі мен сүт өңдеу процесі толығымен автоматтандырылатын болады. Осының нәтижесінде ірімшік және моцарелла жасауды жоспарлап отыр.

Ешкі сүті - анемияда, тағамдық аллергияда, туберкулезде, асқазан, ішек-қарын жолдарының ауруларында, диабетте, диатезде, ағзаның қорғаныс қызметін арттыруда, ағзадан ауыр металдардың тұздары мен радионуклидтерді шығаруда және көздің нашар көруінде пайдалы екен. Сондай-ақ, ешкі сүтінде кальций, маг-

ний, фосфор, марганец, мыс, А, В1, С және Д дәрумендері мен аскорбин қышқылы бар.

Оңтүстік Қазақстан облысының өкімі Ж.Түймебаев Ордабасы ауданына жасаған жұмыс сапары барысында бұдан бөлек, «Байдаулет» өндірістік жылыжай кешенінде болды. Негізі 2014 жылы қаланған жылыжай қиыр мен қызанақ өндіруге бағытталған. Алғашқыда 0,5 гектар аумақ жерден басталған кешен, бүгінде ауқымы кеңейіп 2,5 гектарға жеткен. Мұнда 9 жұмысшы жылына 60 тонна өнім өндіріп келеді. Жобаның жалпы құны 15 млн. теңгені құрайды. Қожалық директоры алдағы уақытта өнім көлемін 700 тоннаға дейін жеткізіп, дайын тауарды Алматы, Қарағанды қалаларына жөнелтуді жоспарлаған.

Жұмыс барысымен танысып шыққан өңір басшысы, сала басшыларына аудандағы жылыжай шаруашылығын жандандыруды тапсырды.

«Оңтүстік өңірі ауыл шаруашылығына өте қолайлы аймақ. Осыны тиімді пайдалануымыз керек. Әсіресе, заманауи технологиялардың көмегімен жылыжай шаруашылығын мықтап қолға алсақ, өнім сапасы мен көлемі артатын болады. Сондықтан да, осы мәселені аудан, қала басшыларына үнемі айтып келемін», - деді Жансейіт Түймебаев.

Бетті дайындаған: Балнұр Жанысбаева.

ҮШІНШІ МЕГАПОЛИСТІҢ ДАМУ ЖОЛЫ

өнеркәсібі, саудасаттығы, ауылшаруашылығы дамыған мәдени орталықтардың бірі. Еліміздің өзге аймақтарымен салыстырғанда, халқы тығыз шоғырланған, тұрғындар саны бойынша 2-ші орынды иеленген ҮШІНШІ мегаполис. Елбасының сындарлы саясаты, білікті болжамымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында қаламызда абаттандыру, көгалдандыру, сәулет өнерін қолға алу жұмыстары жүріп жатыр. Осындай, игі істердің басы-қасында іскер азаматтардың болары заңдылық. Соңғы жылдары үшінші шаһардың даму жолында атқарылып жатқан ірілі-ұсақты жобалардың жүзеге асуына, атқамінерлердің қосқан үлесі зор. Соның бірі, миллионға жуық тұрғыны бар Шымқаланың жол кептелісінің алдын алу мақсатында, 6 жолайрықтың құрылысы басталды. Бекжан базарының аумағынан бастау алған құрылыс жобасы биылғы жылы қолданысқа беріледі деп



арбат жобасы гүлдермен жайқалып, шамдармен безендіріліп, жайлы орындықтармен қамтамасыз етілген аймаққа, сазды өуен ерекше көрік беріп тұратындай. Мұнда 700 ағаш түрлері мен 1000 түп раушан гүлі егілген. 3600 шаршы метр аумақ көгалдандырылса, 2000 шаршы метр аумақта аяқжол бар.

Жоғарыда атап өткендей Шымкент Оңтүстіктің мәдени ошағы болып табылады. Соның бір айғағы 2020 жылы болатын ТМД елдерінің «Мәдени Астанасы» мәртебесін Брест қаласынан қабылдауы. Бүгінде, ауқымды шараға қызу дайындық басталып та кетті.


Сондай-ақ, Шаһардағы мәдени орындарды жөндеу жұмыстары мен қаланы ретке келтіру, көк желектермен қамту, қала көшелеріндегі биік ғимараттар және тұрғын үйлердің қасбетін ретке келтіру жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асуда.

Мегаполистегі ең ірі жобалардың бірі «Шымкент СИТИ» құрылысы. Елбасының қолдауымен бастау алған бұл нысан тұрғын үй және іскерлік кешенге айналмақ. Бөйдібек би ескерткішінің жанында 427 гектарды алып жатыр. Бүгінде аумақта жол салынып, құрылыс жұмыстары қарқын алған. Республика қазынасынан 15 млрд теңге бөлінген жоба толықтай аяқталғанда, жаңа қалашықта 70 мың адам қоныстанады.

«Шымкент СИТИ» қаланың ең ірі құрылыс алаңы болып отыр. Себебі, заманауи, өмір сүруге, кәсіп жүргізуге қолайлы, жоғары сападағы мекен болмақ. «Шымкент-сити» – қаламызды мегаполиске айналдыру мақсатында қолға алынған құрылыс. Әсем қаламызға ерекше көрік беретін бұл жоба 2020 жылы толықтай пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Осылайша, алдағы 5 жылдықта қаламыз көркейіп, тар көшелер кеңейіп, ғимараттар, ескі алаңдар жаңартылып, «Шатқал» бағдарламасы бойынша егілген көшеттер көк желекке айналып, үшінші қала мәртебесіне сай болады деген сенімдеміз.

Динара СҰЛТАН.



күтілуде. Сонымен қатар, Сайрам-Жібек Жолы, Аргынбеков-Дулати, Рысқұлов-Қонаев көшелерінің қиылысында да жоба құрылысы қолға алынатын болады.

«Шымкент» атауы- (Иранның) «чирминь-чечень» гүлденген, көгалды алқап, «Кент» сөзінің жалғануымен, «жасыл қала» мағынасын білдіреді. Атына заты сай қала болудың жоспары құрылып, жауапты қызметкерлер абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарына кірісіп кетті. Климатымыз жасыл желекпен, көлеңкелі орындарды, салқын самалды талап ететіндіктен, қаламызға жайлы орындар мен серуендеуге қолайлы саябақтардың көптік етпейтіні мәлім. Сондай ірі жобалардың бірі «Арбат» демалыс орны. Бұл жер қаламыздағы ерекше, тартымды, халық көп серуен құратын орындардың бірі болмақ. Шырайлы қаламыздың көркіне рең қосқан

Шымкент қаласында бекітілген дамудың Бас жоспарына сәйкес, тәулігіне 20 мың жолаушы өткізетін жаңа айналма теміржол вокзалы салынады.

Жоба тұжырымдамасы халықаралық бастамашыл топпен, жоба жетекшісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Аликхан Бижанов пен техника ғылымдарының докторы, профессор, «Байланыс жолдарын дамыту ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің директоры Алтайбек Оразбеков, ҚР сәулетшілер одағының ОҚО филиалының төрағасы Асқар Мамырбаев және «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ өкілдерімен бірлесе әзірлеген.

Президенттің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», атты Жолдауында «Бүгінде Қазақстан арқылы бірнеше трансконтиненталды коридор өтеді. Жалпы, Қазақстан арқылы өткен жүк транзиті

2017 жылы 17 процентке өсіп, 17 миллион тоннаға жуықтады. Транзиттен түсетін жыл сайынғы табысты 2020 жылы 5 миллиард долларға жеткізу міндеті тұр. Бұл инфрақұрылымға жұмсалған мемлекет қаражатын тез арада қайтаруға мүмкін-

дік береді. Жүк қозғалысын онлайн режимінде бақылап, олардың кедергісіз тасымалдануы үшін және кедендік операцияларды жеңілдету мақсатымен блокчейн сияқты цифрлық технологиялардың ауқымды түрде енгізілуін қамтамасыз ету қажет. Өйткені, темір жол желісін салу кезінде көлік



Заман ТАЛАБЫНА САЙ ЖАҢА ТЕМІР ЖОЛ БОЙ КӨТЕРЕДІ



салудың және пайдаланудың озық «цифрлық» технологиялары енгізілсе, көлік процесінде инновациялық технологиялар, соның ішінде жоғары технологиялық цифрлық инфрақұрылымды енгізу көзделген.

Шымкент қаласының бас жоспарына сай «Батыс Еуропа -Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің бойында салынуы тиіс вокзалдың

жобасы аясында «Шымкент-2» жаңа теміржол вокзалы мен жүкті сұрыптау станциясы және үлкен автовокзал салынады деп жоспарлануда. Сонымен бірге, жалпы алаңы 16 гектарды құрайтын жобада қонақ үй мен әкімшілік ғимарат, 1000 автокөлікке арналған тұрақ қарастырылған.

Жоба Шымкент қаласының 2020 жылы болатын ТМД елдерінің мәдени астанасы жылына орай, іске асырып, пайдалануға беріледі деп күтілуде. Жобаның әлеуметтік маңызы бар. Өйткені, жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсартуға және туристерді аймаққа тартуға мүмкіндік береді. Бүгінде, жоба республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау алгоритміне сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарымен жұмыс үйлестіру сатысында тұр.

**Бетті дайындаған:
Ақерке Исманова.**

ТҰРҒЫНДАРДЫ ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУ – ИГІЛІКТІ ІС



Таза ауыз су-өмір нәрі. Адам денсаулығы үшін де өмір нәрінің маңызы ерекше. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатының және стратегиялық мақсаттарының арқасында Қазақстанның жоғары табыстарға жеткенін, барлық салада көптеген маңызды жобалар жүзеге асырылуда.

Осы салада «Таза ауыз су», «Ақ бұлақ» сияқты бірқатар жобалар жүзеге асырылды. Бұл жұмыстар қазіргі уақытта «Өңірлерді дамытудың 2020-шы жылға дейінгі бағдарламасы» және «Нұрлы жол» арқылы жалғасын тауып отыр.

Осыған орай, үстіміздегі жылы Оңтүстік Қазақстанда 20 мыңға жуық тұрғындар ауыз сумен қамтылатын болады. Бүгінде осы бағытта жоспарлы жұмыстар тұрақты атқарылуда. Мәселен, үш жылда 84 елді ме-

кенді, яғни, 209,7 мың адамды орталықтандырылған ауыз сумен қамту жоспарланып отыр.

Ауыз су саласына қаржы бөлу-игілікті іс. Осы мақсатта, 2018 жылы 9,6 млрд. теңге бөлініп, 76 нысанның құрылысы іске асырылу үстінде. Аталған нысандардың 20-сы биыл пайдалануға берілсе, 56 нысанның құрылысы келер жылы пайдалануға берілетін. Халықтың қамы үшін үстіміздегі жылы аймақтағы 13 елді мекен, яғни 19,6 мың тұрғын таза ауыз сумен қамтылады деп жоспарланған. Ал, 2 елді мекендегі тозығы жеткен су құбырлары қайта жаңартылу үстінде.

Жұмыстың сапалы болуы үшін, 35 елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында арнайы жобалау-сметалық құжаттар әзірленуде. Атап айтқанда, 2020 жылға қарай қала тұрғындарының 97 пайызы, ауылдық елді мекендердің 83 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылатын болады.

Бүгінде, облыс көлеміндегі қалалардың 93,4 пайызы, ал ауылдық жердегі елдімекендердің 73,6 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген.



ШАРДАРА АУДАНЫ



ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ТӨМЕНДЕП КЕЛЕДІ

Жаһандық дағдарыстың өкпені қысқан өліара кезеңінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен дағдарысқа қарсы Үкімет қабылдаған іс-қимыл шаралары шеңберінде жүзеге асырылған “Жол картасы” бағдарламасының еліміздің барлық өңірлерінің тұрғындарының қиындықтан қиналмай шығуына тигізген игі ықпалы өлшеусіз. Қаржы тапшылығы белең алған сол кезеңде мемлекет тарапынан бөлінген қаржы есебінен “Жол картасы” бағдарламасы бойынша іске қосылған жобалар елімізде жұмыссыздықтың белең алуына тосқауыл қойды.

Жұмыссыздықты жою мақсатында Шардара ауданында «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» жақсы нәтиже беруде. Өткен жылы бағдарламаны іске асыру мақсатында 2952 адам қамтылған болатын. Оның ішінде 984 жұмыссыз болса, 1234-і өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар, ал 734-і жұмыс іздеушілер. Жалпы бағдарламаға қатысушылардың 32 пайызы табысы аз азаматтар.

Биылғы 1 мамырда аталған бағдарламаға 958 адам қатыстырылды, енді жыл соңына дейін 2794 адамды қатыстыру жоспарланып отыр.

«Өрлеу» жобасы ауданда сәтті іске асырылып



келеді. 2017 жылы осынау жоба аясында 4275 азаматқа немесе 687 отбасыға 217 млн. теңге көлемінде қаржы төленген болатын. Ал, үстіміздегі жылғы өткен айларда мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау бойынша 1450 отбасымен өңгімелесу жүргізіліп, оның ішінде 38 отбасыға 4 457,0 мың теңгеге шартсыз ақшалай көмек, 226 отбасыға 43,3 млн. теңге шартты ақшалай көмек, барлығы 264 отбасыға 47,8 млн. теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.



МАҚТААРАЛ АУДАНЫ



ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚТА – 6 ЖОБА



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен қолға алынған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы ел экономикасының дамуында шешуші рөл атқарып келеді. Осы бағдарлама аясында жүзеге асқан.

Экономиканың бәсекеге қабілетті болуы — шикізаттық емес секторды дамыта отырып, инновациялық процестерге бет бұру. Индустриялық-инновациялық саясаттың басты мақсаты — бәсекеге қабілетті тиімді ұлттық өнеркәсіпті және жоғары технологиялар индустриясын қалыптастыру, осы бағытта кәсіпкерге жағдай жасау. Осы орайда, елімізде индустриалды аймақ құру жұмыстары қолға алынды.

Үстіміздегі жылы Мақтаарал ауданындағы индустриалды аймақта 6 жоба іске асырылып, 380 адам жаңа жұмыс орнымен қамтылмақ. Мақтаарал ауданының әкімі

Жамантай Бейсенбаевтың айтуынша, биыл аудандағы өнеркәсіп өнімінің көлемін 13666,4 миллион теңгеге жеткізу межеленіп отыр. Ол үшін Жалпы құны 3537 миллион теңгені құрайтын 6 инвестициялық жоба “Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы” шеңберінде іске асыру жоспарланған. Бұл үшін инвестиция тартылды. Соның арқасында, биыл Мақтааралда асфальт-бетон зауыты, полиэтилен өнімдерінің және медициналық мақта өнімдерінің өндірісі, сондай-ақ темірді қайта өңдеу өндірісі мен логистикалық орталық және күн электр стансасының жобалары іске асады деп күтілуде.

—Қазіргі таңда, ауданның индустриалды аймағынан бөлінген жерде құрылысы басталған “Soldatos” ЖШС-нің асфальт-бетон зауытын салуға 300 млн. теңге жұмсалатын болады.

30 адам жұмыспен қамтылып, сағатына 300 тонна асфальт-бетон өнімдері өндіріледі. Сондай-ақ, “Раджапов” жеке кәсіпкерлігінің “Полиэтилен өнімдерінің өндірісі” жобасының құрылысы ағымдағы жылдың маусым айында басталмақ. 200 миллион теңге жұмсалатын жобаның құрылысының сапалы іске асырылуы қадағаланады. Жаңадан 36 жұмыс орны ашылады, — деді Жамантай Қанайұлы.

Оңтүстіктегі «ақ алтын» аймағының 80 пайызы Мақтаарал ауданына тиесілі. Бірақ, өңірде шикізатты өрі қарай дайын өнімге айналдыратын кәсіпорындар тапшы болатын. Осы мақсатты “Айбек” шаруа қожалығы медициналық мақта өнімдерінің өндірісі жобасын қолға алған. Индустриалды аймақтан жер бөлініп, құрылысы басталған жобаға 85 миллион теңге қаржы жұмсалатын болады. Іске қосылған кезде кәсіпорын 28 адамды жұмыспен қамтиды. Сөйтіп, кәсіпорын жылына 2 миллион дана медициналық мақта өнімдерін өндіретін болады.

2018 жылы аудандағы өнеркәсіп өнімінің көлемін 13,7 млрд. теңгеге жеткізу жоспарланған. Яғни, іске қосылатын 6 инвестициялық жобаның және басқа да істеп тұрған кәсіпорындардың есебінен жүзеге асырылатын жұмыстардың нәтижесі бойынша қол жететін жетістік болмақ.

**Бетті дайындаған:
Айгерім ӘЛІБЕКОВА.**



ОТЫРАР АУДАНЫ



АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК БӨЛМЕЛЕР ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012–2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының үш кезеңін негізге ала отырып, әр жыл сайын тиісінше жүзеге асырылып келе жатқан игілікті шара биылғы жылы аталған елдімекендерде де қолға алынған болатын.

Арнаулы әлеуметтік қызмет сапасын жақсарту, мүгедектігі бар балаларды болашақта қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауға, адамдармен емин-еркін қарым-қатынас жасауға, өзін тең дәрежеде сезінуге үйретуді мақсат еткен арнайы бөлмелер қажет-ақ еді...Пайдалануға берілген арнайы бөлмелерді аралап көрген Отырар ауданының әкімі Айтаханов Ерлан Қуанышұлы игілікті істің басы-қасында жүргендерге ризашылығын білдірді. Сөйтіп, Отырар ауданындағы Аққұм, Көксарай елдімекендерінде шағын арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлмелері тұрғындар мен балаларды қуантты.

“Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен елімізде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қамқорлық жасау басты назарға алынып отыр.

Естеріңізде болар, өткен жылдың соңында «Үйде әлеуметтік көмек көрсету», мекемесі жанынан әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының желісін дамыту мақсатында сыйымдылығы шағын әлеуметтік күндізгі қатынау бөлмесі ашылып, қызмет көрсетіп келеді.

Бүгінде, аудан бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінде 89 мүмкіндігі шектеулі балалар күтімге алынды”,-деген аудан басшысы бүлдіршіндерге арнайы сыйлықтар әкеліп, қуантты.

Лентасы қиылып, есігін айқара ашқан қос бірдей қызмет көрсету бөлмесін көрген ауыл тұрғындары мен ата-аналар да алғыстарын білдіріп, қолдау көрсеткен аудан басшылығына ризашылықтарын шексіз екендігін жеткізді.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам дегеніміз - Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1 бабы 1 тармақшасына сәйкес - мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам.

Дариға НАЗАРБАЕВА - ҚР Парламентінің Сенат депутаты



“Мұғалімдер мен дәрігерлер-үлкен азаматтық сектор. Олар бүгінгі күні баспананан қамтамасыз етілу жағдайы бойынша өте әлжуаз болып отыр. Өзірге ешбір ипотекалық бағдарлама олардың тұрғын үй мәселесін толық көлемде шеше алмай келеді”, — деді Дариға Назарбаева бүгін сенатта “Нұрлы жер” бағдарламасының жүзеге асырылу барысы талқыландырып отырыста. Оның айтуынша, мұғалімдер мен дәрігерлер адами капиталды дамытуда маңызды рөл атқарады. Ал, халықтың бұл санатының баспана жағдайы қазір қалыс қалып отырған жайы бар.

“Дәрігер мен медбике, мұғалім мен мұғалімнің материалдық тұрғыдағы жағдайы бірдей емес. Отбасы бар мұғалімдер бар, олар, мәселен, бағдарламаға қатыса алады. Мұндай мүмкіндігі жоқ мұғалімдер де бар ғой. Олардың бірлесе баспана алуға болатын отбасы жоқ, тіпті, кейбірінің мойнында туған-туысқандары отыр. Оларға қалай көмектесуге болады? Біз оларды мемлекеттік және азаматтық қызметке ұмтылып, өз біліктілігін арттыруға ынталандыруымыз қажет. Сондықтан, олар үшін әскери қызметшілер секілді жеке бағдарлама әзірлеуді ұсынамын”, — деді Назарбаева.

“Қазір баспана мәселесі өте өзекті. Жыл сайын тұрғын үй көлемін арттырып жатырмыз, бірақ халық саны да өсіп жатыр. Сондықтан, алдағы жүз жылда баспанаға мұқтаж халықтың бәрін қамтамасыз ете алмаймыз деп қорқамын”, — деген алаңдаушылығын білдірді сенатор.

ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

Бақытжан САҒЫНТАЕВ - ҚР Премьер министрі

«Стратегия-2050» арқасында еліміздің ТОП-50 елден ТОП-30 дамыған елдің қатарына кіруі мүмкін болмақ. Біз бүгінгі күні экономикалық өсімнің жаңа моделі қажет екенін түсінеміз. Осыған жету үшін, жылдам әрі икемді болуымыз керек. Ерте ме, кеш пе бір Үкіметті екінші бір Үкімет жұтып қоюы түсінікті болып отыр. Қазіргі Үкімет алдымызда тұрған барлық міндетті шешу үшін өте жылдам, икемді болуға тиіспіз. «Үкімет жұмысындағы осы міндетін стратегиялық міндеттердің жоғарғы дейгейіне қиюға болады», — деді Үкімет басшысы.

«Бірінші кезекте ол — бізге қажетті жүйелі реформа. Экономикадағы құрылымдық өзгерістерді айтар болсақ, бұл жекешелендіру арқылы жүріп жатыр. Бүгінде елімізде жекешелендірудің екінші толқыны басталып кетті. Саудаға 800-ден астам компания қойылды. Бұл шара жоспарға сай жүріп жатыр», — деді Б.Сағынтаев.

Елжан БІРТАНОВ - ҚР Денсаулық сақтау министрі



Министр өз сөзінде денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру төрт сегменттен: сауықтыру және аурудың алдын алу, ауруларды ерте анықтау, медициналық көмек көрсету және ауруларды емдеу және оңалтудан тұратын адам денсаулығының экожүйесіне негізделгенін атап өтті.

«Денсаулық — бұл оның барлық сегменттерінде цифрлық технологияларды қолдану. Ең алдымен, бұл біз пилот ретінде қолданып, бастап жатқан цифрлық технологиялар. Мәселен, мобильді қосымшалар, арнайы сайттар және тағы басқалар. Олар адам денсаулығын жақсартуға және сақтауға бағытталған», — деді министр.

Сонымен қатар, министр бүгінгі таңда Қазақстанның 8 облысында пилоттық режимде қағазсыз денсаулық сақтау жүйесіне көшу жобасы іске асырылып жатқанын атап өтті. 120 қағаз формасы цифрландырылды. 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін барлық өңірлер қағазсыз денсаулық сақтау жүйесіне ауысады.

Сондай-ақ, Елжан Биртанов «Watson for Oncology» онкологияға жасанды зердені енгізу жұмысына толығырақ тоқталып өтті. Аталған бағдарлама емдеудің

жекелеген әдістерін таңдап, онкологиялық сараптамаға қолжетімділікті арттырады және 300-ден астам медициналық ғылыми журналдың, 200 оқулық пен шамамен 15 млн бет мәтіннің деректерін өңдеу арқылы медициналық әдебиеттің үлкен көлеміне талдау жасайды.

Кезекті бір жоба — қазақстандық ғалымдардың қатысуымен Қазақстан—Британ техникалық университеті базасында машиналық оқыту бойынша шешімдерді енгізу. Жоба мақсаты — машиналық оқыту әдістерін пайдалана отырып, денсаулық сақтау жүйесінің деректерін өңдеу әдістері мен платформаларын әзірлеу.

Қанат БОЗЫМБАЕВ - ҚР Энергетика министрі



“Кеңендік одақ аясында біз фискалдық режимдегі айырмашылықты ескере отырып, бағаның тепе-теңдігін сақтауымыз керек. Мәселен, Ресейде АИ-92 бензині қазір 214-220 теңге, ал біздің елімізде орташа алғанда 160 теңге тұрады. Бұл жұмыс жалғасатын болады”, — деді Бозымбаев бүгін мәжілісте “Қазақстанның мұнай-газ секторын дамыту” тақырыбында өтіп жатқан үкімет сағатында. Министрдің айтуынша, біздің елімізде ең қымбат бензин деген өңгіме шындыққа жанаспайды. Ол сөзінің дәлелі ретінде депутаттардың назарына Global petrol prices халықаралық агенттігінің рейтингісін ұсынды.

“Біздің елімізде ең қымбат мұнай өнімдері деген сөзді өте жиі естиміз. Салыстыру үшін 167 елдегі мұнай өнімдерінің бағасы бойынша жасалатын халықаралық агенттіктің рейтингісіне назар аударсақ. Бензин бағасы бойынша Қазақстан рейтингтің соңынан есептегенде 12-ші орында, дизель отыны бойынша 14-ші орында тұр. Яғни, әлемнің 167 елінің ішінде 11-інде ғана бензин біздегіден арзан. Олардың арасында Венесуэла, Иран, Кувейт, Түрікменстан бар. Дизель отынының бағасы 13 мемлекетте ғана төмен, олар — Венесуэла, Иран, Сауд Арабиясы, Өзбекбайжан, Түрікменстан. Бұл мұнай өндіруші елдер деп айтуларыңыз мүмкін. Бірақ Сауд Арабиясы, Бірікке Араб Әмірліктері, АҚШ, Ресей, Өзбекбайжан секілді мұнай өндіруші елдерде де бензин бағасы бізден қымбат. Бұл рейтингті халықаралық агенттік ай сайын жасайды”, — деді Бозымбаев.

Министр таяуда нарықты толығымен отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ететінімізді атап өтті. Бүгінде Павлодар және Атырау мұнай өңдеу зауыттарын модернизациялау аяқталды. Ал, Шымкент зауытындағы жұмыс 2018 жылы бітеді. Қазіргі уақытта отандық нарық өзіміздің бензинмен 90%, дизель отынымен 90%, өуе керосинімен 58%-ға қамтамасыз етілген.

“Үш мұнай өңдеу зауытында өнімділікті арттыру үшін техникалық жөндеуді басқарудың автоматтандырылған жүйесі енгізілуде. Жыл сайынғы жөндеудің уақыты 45 күннен 20 күнге қысқарады, ал 45 күнге тоқтату үш жылда бір рет іске асырылатын болады. Бұл әрбір зауыттың мұнай өңдеу көлемін жылына орта есеппен 300 мың тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді”, — деді ол.

Михаил БОРТНИК -

ҚР Парламентінің Сенат депутаты



“2017 жылы “Нұрлы жер” бағдарламасы сәтті жүзеге асты дегенімізбен, назар аударуды қажет ететін бірқатар мәселе бар. Бірінші мәселе — баспананы сатып алу құқығынсыз жалға беру. Өңірлерде депутаттарға халықпен кездескенде “бастапқы жарнаны төлей алмайтын адамдар не істейді?” деген сұрақ жиі қойылады. Бұл бірінші кезекте халықтың өлеуметтік осал топтарын мазалайтын сұрақ. Баспананы сатып алу құқығынсыз жалға беру — халықтың осы тобын қолдауға бағытталған бағдарлама құралы. Шаршы метрді жалға беру бағасы шамамен 100 теңгені құрайды. Бұл табысы төмен азаматтар үшін тиімді сома. Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйге сұраныс жоғары. Оңтүстік Қазақстан облысында ғана 54 мың адам аталған баспана түріне ие болғысы келеді. Бұл көрсеткіш сұраныстың қандай екенін көрсетіп тұр. Осы бағыт бойынша қосымша 10 млрд теңге бөлінетіні де белгілі. Менің ойымша, қаржылай мүмкіндік болса, аталған бағытқа бөлінетін қаржыны көбейту мәселесін қарастыру қажет”, — деді Бортник бүгін сенатта “Нұрлы жер” бағдарламасының жүзеге асырылу барысы талқыландырып отырыста.

Дегенмен, сенатор бұл бағдарламаның осал тұстарын да атады. Оның айтуынша, баспананы сатып алу құқығынсыз жалға беру азаматтардың өмір бойы тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне кепілдік бермейді.

“Бұл жерде пікір таластыратын бірқатар мәселе бар. Мысалы, баспананы сатып алу құқығынсыз жалға алушы қайтыс болып кетсе, отбасы мүшелерінің сол баспананы өрі қарай жалға алу құқығы бола ма немесе оларды шығарып жібереді ме?” деген сұрақ туындайды. Сондай-ақ, аталған үйлерді техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселесі де бар. Әдетте, уақытша тұрғындар түрлі себептермен өз қаржысын үй, кіреберісін ұстауға, аула аумақтарын абаттандыруға жұмсағысы келмейді. Барлық шығын жергілікті

Айдар ДИДАР.



АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫНДА ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ БАР?



АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК

«Ақпаратқа қол жетімділік» Заңын жүзеге асыру аясында «Ашық Үкімет» жобасы жүзеге асырылуда. Осы арқылы кез келген азамат мемлекеттік органдардың бірінші жетекшілеріне блок-платформалар арқылы сұрақтарын қойып, «Ашық диалог» порталында интернет-конференцияларға қатыса алады. Бұл құрал халық пен мемлекет арасында қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған. Жалпы, азаматтарды ақпаратпен қамтамасыз ету - біздің министрліктің негізгі міндеті». «Ақпаратқа қол жетімділік туралы» Заңының қабылданғанына шамамен бір жылға жуықтады. Заңды жүзеге асыру үшін, нормативтік база құру жұмыстары аяқталды, - деді министр.

Д.Абаев Ұлттық жұмыс тобының отырысында үкіметтік емес, ұйымдар тарапынан өз өкілдерінің ақпаратқа қол жетімділік мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына кіруі туралы ұсыныс болғанын жеткізді. Біз биылғы қыркүйек айының соңында ақпаратқа қол жетімділік мәселелері жөніндегі комиссияның жаңа құрамы бекітіп, аталған комиссияның алғашқы отырысы 15 қараша күні белгіленіп отыр, - деді ол.

ЗОРЛЫҚ КӨРГЕН БАЛАЛАРДЫҢ БЕТ - ЭЛПЕТІ МЕН ОЛАРҒА ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТ ЖАРИЯЛАУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

«Мысалы, зорлық көрген немесе басқа да құқық бұзушылықтардан зардап шеккен балаларды қорғау мақсатында, олардың бет-әлпеті мен балаға қатысты ақпараттарды жариялауға тыйым салынды. Көпшілік шоғырланған жерлерде мемлекеттік органдар мен ұйымдар тек отандық арналарды көрсету қажеттілігі туралы міндеттеме белгіленді», - деді Абаев.

беретін хабарлама жариялауы қажет екенін айтты. Заңға «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын сәтті жүзеге асыруға негізделген кешенді нормалар енгізілген. Сондай-ақ, мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құратын және сараптайтын, жобалау процесін жеделдететін бағыттар бар.

«Балаларды интернеттегі деструктивті ақпараттардан қорғау үшін, өткен жылы министрлік байланыс операторлары мен «Болашақ» қауымдастығымен бірлесіп, білім беру интернет жобасын іске қосты. Бұл жобада балаларға арналған қауіпсіз интернет-сервистерді, танымдық және ойын түріндегі бағыттар қарастырылған 3500 астам сайт бар», - деді министр.

АШЫҚ ДЕРЕКТЕР ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ АЗАМАТТАР 2800 ДЕРЕКТІ ЕРКІН ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ

«Ашық деректер порталы арқылы е маттары 2800-ге жуық дерекке қол кізуге мүмкіндік алады. Алдағы уақыт бұл көрсеткіш арта түседі. Осы порталда 25000 нормативтік-құқықтық акт пен дәл сондай көлемдегі бюджеттік бағдарламалардың жобалары орналасады. Кез келген азамат мемлекеттік органдарының бірінші жетекшілерінің блогплатформасына жетік өзін қызықтырған сұрақтарға жауап тауып, ашық диалог порталы арқылы интернет-конференцияларға қатыса алады. Бұл құралдардың барлығы ел тұрғындары мен мемлекет арасындағы көпірді нығайту үшін қолға алынып отыр», - деді ол.

Ол еліміздің ақпараттық нарығын ынталандыру мақсатында, қандай имидждік іс-шаралар өткізіліп отырғанын атап өтті.

«Биыл телевизиядағы журналистер аясында «Тұмар» байқауы екінші рет өтті. Бұл шара қазақ телевизиясының 60 жылдығы аясында ұйымдастырылды. Осы жылдың маусым айында, яғни БАҚ қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында «Үркер» премиясы салтанатты түрде табысталады. Сонымен қатар, қазақстандық БАҚ үшін Astana Media Week аптасын өткізу дәстүрге айналды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында министрлік «Қазақстанның 100 жаңа есімін» жүзеге асыруда. Ашық дауыс беру нәтижесінде өз еңбектерімен үлкен әлеуметтік табысқа жеткен еліміздің жаңа есімдері белгілі болды. Өткен жылдың 1 желтоқсанында олар Елбасымен кездесті. «100 жаңа есімнің» қоғамға пайдалы жобалары мемлекеттің қолдауына ие



2017 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫСПЕН 40 СЕРИАЛ ТҮСІРІЛДІ

Быттыр елімізде мемлекеттік тапсырыс бойынша 40 сериал түсіріліп, бірқатар телехикаяларды көрші елдер өз елдерінде көрсету құқығын сатып алған.

«Отандық БАҚ-тың бөсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша да мақсатты жұмыстар атқарылды. Біз тек қана қазақстандық көркем және деректі фильмдер көрсететін «Еларна» телеарнасын аштық. 2017 жылы мемлекеттік тапсырыс аясында 40 сериал түсірілді. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен екі есеге артық. Көгермен назарын өзіне аударған кейбір телехикаяларымызды Қырғызстан, Ресей және Қытай, т.б елдер өз елдерінде көрсету құқығын сатып алды. Барлық қазақстандық телеарналарды онлайн режимде көруге мүмкіндік беретін Galam.tv жобасы жаңартылды», - деді Абаев

2019 ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДЕ ЖСН АРҚЫЛЫ ТІРКЕЛМЕГЕН СМАРТФОНДАР ӨШІРІЛЕДІ

IMEI-кодын ЖСН-мен байланыстырмаған қазақстандықтар 2019 жылы ұялы байланыс қызметін пайдалана алмайды.

“2016 жылы мобильді құрылғыларды тіркеу талаптары жаңартылған болатын. Бұл жүйені іске қосу телефон ұрлығын айтарлықтай азайтады, өйткені полицияға арызданғаннан кейін, ұрланған телефон өшіріледі. IMEI-код телефон иелерін анықтауға мүмкіндік бермейді. Жаңа норма толық іске асу үшін IMEI-кодты ЖСН мен абонент нөмірімен байланыстыру керек”, - дейді ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев тұрғындармен есептік кездесу кезінде. Абаевтың сөзінше, тіркеуге байланысты қиындықтар тұмайды.

“Ұялы байланыс қызметін падаланатындар құрылғыларын 2018 жылдың соңына дейін тіркеу керек, өйткені 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап, тіркелмеген абоненттерге қызмет көрсетілмейді. Тіркеу процесін жеңілдетеміз, онлайн жолы қарастырылады”, - дейді ведомство басшысы.

IMEI-кодты ұялы байланыс операторларының кеңсесінде немесе абоненттің жеке кабинетінде тіркеуге болады. Осылайша, жалпы деректер базасында мобильді телефон

Бетті дайындаған: Балнұр ЖАНЫСБАЕВА.

Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев халық алдында есептік кездесу өткізген болатын. Есепті жиында министрдің бір жыл көлемінде атқарылған жұмыстар мен алдағы уақыттағы жүзеге асыратын жоспарлары туралы баяндады.

Сондай-ақ, министр жиынға келген азаматтардың, видеоконференция арқылы еліміздің өзге де аймақтарының және министрліктің ресми сайтына келіп түскен сұрақтарға жауап берді.

ашылуына дейін резидент емес тұлғалар алты мекемеге дейін барып, әрқайсысында жеке кезекке туруға мәжбүр болатын. Бүгінде бұл қызметтердің барлығы бір жерде “бір терезе” қағидаты бойынша беріледі. Мұндай жобалар тәжірибесі болашақта молаяды”, - деп атап өтті министр.

Еске сала кетейік, аталған халыққа есеп беру кездесуінде ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев 2021 жылға дейін Қазақстанның 1249 ауылдық елді мекені жоғары жылдамдықты интернет желісімен қамтылатынын айтты.

ЖУРНАЛИСТЕРДІ БАСПАНАМЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ

«Еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының 95% жеке-меншік компаниялардың еншісінде. Сол себепті, жекеменшік

Сондай-ақ, ол белгілі бір төтенше жағдай бола қалғанда, өкілетті орган үш сағат ішінде бұл туралы жан-жақты ақпарат

ЦИФРЛЫҚ ХҚКО ЖЫЛ СОНЫНА ДЕЙІН ЭР ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА АШЫЛАДЫ



Биыл екі Көші-қон ХҚКО жұмысын бастайды. Пилоттық жоба Астанада іске қосылуда.

“Жыл соңына дейін Цифрлық халыққа қызмет көрсету орталықтарын республиканың әр облыс орталығында ашу жоспарланып отыр. Бұл ХҚКО-ның жұмысы толығымен автоматтандырылып, яғни қызметтерді оператордың көмегінсіз алуға болады”, - деді халыққа есеп беру кездесуінде ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев.

Одан бөлек, министр атап өткендей ағымдағы жылдың соңына дейін екі Көші-қон ХҚКО-лары ашылады. Алғашқы мұндай ХҚКО Астанада жыл басында ашылған еді. Оның

БАҚ баспанамен қамту мәселесін өздері шешуі тиіс. Мысалы, мұғалімдердің барлығы бюджеттік қызметкерлер, ал журналистердің басым бөлігі бұл санатқа жатпайды. Осы сәтте журналистің мәртебесін қалай анықтаймыз деген сұрақ туындайды, себебі біз кез келген БАҚ қызметкерін журналист деп атаймыз», - деді Абаев.

Сондай-ақ, ол мемлекеттің баспанамен қамтуға қатысты біраз шараларды қолға алып жатқанын, соның ішінде «7-20-25» бағдарламасын атап өтті.

«Біз әр ведомствоға бағынышты ұйымның басшысына осы мәселені қоямыз. Бұл мәселе бір жерде шешіледі, енді бір жерде шешілмей жатады. Бір жерде жатақхана бар дегендей. Егер ведомствоға бағынышты ұйымдардың басшылары маған ұсыныспен келсе, біз оларды міндетті түрде қолдаймыз.



Біз туралы

ОБЩЕСТВЕННАЯ ДЕЛЕГАЦИЯ ЮЖНО - КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПАРАДЕ В ГОРОДЕ КЕРЧЬ

8-9 Мая город Керчь посетила делегация из г.Шымкент, Южно-Казakhstanской области Республики Казахстан. Их приезд был посвящен войнам – казахстанцам, сражавшимся за Керчь, и в частности командиру взвода 1331 стрелкового полка 318 стрелковой дивизии, лейтенанту Турсунбекову Нурмахану, который погиб 20 ноября 1943 года и похоронен в братской могиле в поселке Эльтиген. В составе делегации находилась его племянница Айымхан Баймаханова, которая не смотря на возраст преодолела такой далекий и не легкий путь, чтобы с благодарностью поклониться могиле Нурмахана и передать музею боевой славы Эльтигена с любовью собранные мате-

риалы о дяде.

В составе делегации, которую возглавляет депутат Южно-Казakhstanского областного маслихата Республики Казахстан, член Общественного Совета ЮКО, член Общественного Совета по СМИ при Президенте Республики Казахстан, почетный гражданин Южно-Казakhstanской области, кавалер ордена «Курмет» Абиш Дулатбек Назарбекулы, находится съемочная группа телеканала «Айгак», так что наше факельное шествие, военный парад, Бессмертный полк и солдатский привал теперь увидят и в Казахстане.

**Отдел по туризму города Керчь
Республики Крым.**



Суретте: «Қоғамдық делегация» Керчь қаласында.

Ұлы Жеңіс мерекесі жылдағы дәстүр бойынша әскери шеруден соң, соғыста қаза тапқан жауынгерлердің рухына гүл шоқтарын қою, ардагерлерді құттықтау рәсімінен кейін мерекелік шаралармен жалғасты. Шараға қала басшылығы, тұрғындар мен қонақтар, ардагерлер ұйымының басшысы, Қазақстаннан арнайы келген қоғамдық делегация, қалалық білім беру бөлімінің басшысы қатысты.

Керчь әкімшілігінің басшысы Сергей Бороздин: "Бүгінгі ерекше күнді, біздер үшін, тыныш өмір үшін жанын қиған жауынгерлерді, майдан шебінде жасаған ерліктеріңізді, қанша жылдар өтсе де естен шығармаймыз және келер ұрпақтың жанына сіңіріп, дәріптейміз" - деп өз кезегінде алғысын

білдірді.

Керчь қаласының басшысы Сергей Бороздин Қазақстаннан барған делегация жетекшісі Дулат Әбішке шайқаста қаза болған батыр жауынгерді туған елінен іздеп келген патриоттығы үшін алғыс хат табыстап, құрмет көрсетті.

Керчь соғыстың алғашқы соққысын бастан кешкен қала. Қанды шайқаста 15 мың бейбіт тұрғын қаза тауып, 14 мың адам тұтқында болған. 1941



Суретте: Эльтиген елді мекенінде

ОҢТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР БАТЫР ҚАЛАНЫҢ САЛТАНАТТЫ ШЕРУІНЕ ҚАТЫСТЫ



Суретте: Д.Әбіш Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтау сәті. Керчь қаласы.



Суретте: Мәңгілік полк. Н.Турсунбековтің жиен қарындасы А.Баймаханова.

жылдың қараша айында тарихи қала басқыншылардың құрығына ілініп, 1944 жылдың 11-ші сәуір күні азат етілген. Әлемнің ең байыры қалаларының бірі Римнен де үлкен. Екінші дүниежүзілік соғысты бастан кешкен Керчь тұрғындары үшін Ұлы Жеңістің маңызы зор.

РФ қарулы күштер ардагері, запастағы полковник Владимир Батуренко барша ардагерлерді құттықтап, ұзақ ғұмыр, ден-



Суретте: «Айгак» телеарнасының басшысы Д.Әбіш, Керчь қаласының басшысы С.Бороздин

саулық тілей отырып, 73 жыл бейбіт елдің аспанында жеңіс тойын тойлап келеміз, жас ұрпақ қиындықпен келген жеңісті естен шығармас үшін, арнайы ескерткіш орнатылып, Керчь қаласында «Патриот» саябағы

ашылатындығын хабарлады.

Жиын барысында, соғыс ардагерлері мен қонақтар үшін дастархан жайылып, мерекелік концерт ұйымдастырылды. Соғыс - адамзат баласының тарихына өшпес із

қалдырған қасіретті кезең. Бұл сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Жеңіспен елге оралған ардагерлерді дәріптеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу-абыройлы іс.

Қазақ халқының көп ғасырлық тарихында Абылай хан есімі ерекше орын алады. Президент Н.Ә. Назарбаевтың тарихи тұлғаның 300 жылдық мерейтойына арналған «Абылай аңсаған азаттық» атты мақаласында «Қазақ халқы талайылы тағдырында ұлтқа ұстын болған хандардан, ел қорғаған батырлардан, кемел билерден кенде болмаған. Солардың қатарындағы шоқтығы биік ұлы тұлғаның бірі – Абылай хан», - деп атап өткен болатын [1].

Шындығында, жаужүрек батыр, әрі дана стратег бола білген, мемлекет пен адамдарды шебер басқарып, халқының бірлігін күшейтіп, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалған, мемлекеттіліктің іргетасын күшейтіп, көрші империялармен ақыл-таразыға негізделген қарым-қатынас орнатқан Абылай

гізу мүмкіншілігіне ие болды. Біз егемендік алған қазақ халқының қазіргі ұрпағы алдында осындай жауапты миссияны атқаруға 15 жылдан аса уақыт бұрын тарих, антропология және археология салаларындағы білікті маман (2 антрополог және 1 археолог) ретінде кірістік. Бірнеше жыл ішінде біз археологиялық, тарихи-антропологиялық ізденістер жүргізе отырып, Абылай хан жерленген орынды нақты анықтап, сол жерден шыққан қаңқаны тарихи тұлғамен сәйкестендіру жұмыстарын жүргіздік. 1999 ж. біз объективті ғылыми зерттеу болып табылатын айғақты нәтижелері мен эксперттік тұжырымы бар қазақ тілінде жазылған «Абылай хан (тарихи антропологиялық зерттеу)»



ТАҒЫ ДА АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ЖЕРЛЕНГЕН ОРНЫ ХАҚЫНДА

хан XVIII ғ. қазақ халқының тарихына жалпы ұлттық деңгейде өзіндік үлес қосты. Сондықтан да, осы ұлық тұлғаның есімі зеректі ұрпақтарының генетикалық жадында мәңгі сақталып қалады.

Қазақстан тарихының отарлау кезеңінде Абылай мен басқа да көптеген қазақ тарихының атақты қайраткерлері – өз халқының тәуелсіздігі үшін күресіп, шетелдік мемлекеттерден қазақтың тарихи территориясының тұтастығын қорғаған хандар, сұлтандар, билер мен батырлардың қызметі билік басындағылар тарапынан жоққа шығарылып терістелді және осы үстем болған ресми көзқарас қазақ элитасының жерлеу кешендерінің жағдайына да кері әсерін тигізді. XX ғ. Түркістан қаласындағы ортағасырлық мазараттың үлкен бөлігі зерттелмей, тегістелді. Х.А. Яссауи ханакасындағы көп жылдық реставрация жұмыстары барысында гимараттың ішінде және сыртында қазақ халқының көптеген атақты өкілдері жерленгені ескерілмеді. Жөндеу мен қайта қалпына келтіру жұмыстары барысында құлпытастардың басым бөлігі орындарынан жылжытылды, гимарат ішіндегі мәдени қабатты қазып, басқа орынға шығарып тастау сияқты жұмыстар жүрді, құлпытастардың астындағы және олардың айналасындағы жерленген мәйіттердің басым бөлігі зерттелмей бұзылды. Әсіресе, гимараттың қабырғалары астына фундамент орнату үшін траншеялар қазу көп зиянын тигізді. Ханака айналасын абаттандыру үшін, гимарат төңірегіндегі 2 метрлік мәдени қабат техникамен сырылып тасталды және археологиялық нысандар және олардың елеулі бөлігі - кейінгі ортағасырлық кесенелер жойылды. Осының нәтижесінде қазақ элита өкілдерінің Түркістан қаласындағы жерленген орындарының басым бөлігі жермен-жексен етілді.

Қазақстан егемендік алған соң, ғана Абылай хандай тарихи тұлғаның қызметін халық жадынан шығару саясаты тоқтап, оның Түркістан қаласындағы жерленген орнын нақтылау жұмыстарын қолға алу сөті туды.

Осы жолдардың авторлары Абылай хан қабірінің орнын анықтау мақсатындағы алғаш рет арнайы ғылыми ізденістер жүр-

атты ұжымдық монографиялық еңбекті жария еттік [2].

Біздің зерттеу жұмыстарымыз пәнаралық кешенді тәсілге негізделді. Онда жазба деректердің және ауыз әдебиет жәдігерлеріндегі деректермен қатар кең түрде қажетті гуманитарлық және жаратылыстану пәндері мәліметтері пайдаланылады. Зерттеу жұмысы негізгі үш бағытта жүргізілді:

1. Абылай ханның жерленген орны жөніндегі барлық сенімді мәліметтерді жинап, талдау.

2. Сүйініш ханның құлпытасы астындағы қабірді археологиялық тұрғыдан зерттеу.

3. Сүйініш ханның құлпытасы астындағы қабірден шыққан қаңқаны антропологиялық тұрғыдан зерттеу және алынған мәліметтерді Абылай ханның дене бітімі жөніндегі хабарлармен салыстыру.

Қ.А. Яссауи ханакасының XX ғ. басында осы жерде жерленген ханның атымен «абылайхана» немесе «Абылай жатқан бөлме» деген атпен белгілі болған дәліздің ішіндегі Сүйініш хан құлпытасы астындағы моланың сақталуы мәселесіне ерекше мән берілді. Осыған байланысты Қ.А. Яссауи ханакасына байланысты «Өзірет сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайындағы және түрік фирмасы «Вакиф иншаат» мұрағаттарындағы реставраторлардың, шығыстанушылардың есептері, түрлі мезгілде жасалған сызба жоспарлар мен жарияланымдар қосылды. Есептерде Сүйініш хан құлпытасының жылжытылғаны, оның астындағы қабірдің немесе оның айналасының қазылғаны туралы еш мәлімет табылмады. Сонымен, мұрағаттардағы құжаттарды қарап талдау барысында Сүйініш хан құлпытасының және оның астындағы қабір Қ.А. Яссауи ханакасында түрік фирмасы «Вакиф иншааттың» 1993-1994 жж. жүргізген реставрациялық жұмыстарына дейін қаз-қалпында бұзылмай сақталғаны белгілі болды.

Біздің монографиямыз жарияланған соң пайда болған жаңа

құжаттар құлпытас пен қабірдің in situ жағдайында жеткені жөніндегі тұжырымымызды қоштай түсті. 1999 ж. белгілі этнограф, бұрынғы мәдениет министрі Ө. Жәнібековтың үкімет мүшесі М. Жолдасбековқа жіберген хаты жарияланды. Осы құжатта Қ.Яссауи кесенесінде Сүйініш хан құлпытасы санаулы тастармен қатар, өзінің орнында тұрғаны хабарланады [3, 132 б.]. Бұл құжатта да Сүйініш хан құлпытасы өз орнында белгіленген.

Біздің Абылай ханға арналған монографиямызға құптарлық пікірлер білдірген жарияланымдар бар. Қазіргі зерттеушілер арасында Абылай ханға байланысты жарияланған барлық басылымдарды мұқият салыстырып Қ.А. Яссауи кесенесінде археолог-антропологиялық зерттеулер нәтижесінде Абылай қабірі деп танылған мүрденің сүйегі аталған тарихи тұлғаның нақ өзінікі деген тұжырым расында да дәлелді, деген пікірге келген мамандар бар. Мысалы, «Абылай хан» (2005 ж.) атты кітаптың авторы Б.Нәсеновтың Абылай хан жөнінде архивтік құжаттармен қатар, қазіргі заманғы еңбектерді салыстырып Қ.А. Яссауи кесенесінен алынған сүйектің Абылай хандікі екенін, оның қабірі гимарат ішінде орналасқанын көрсететін айғақтардың сенімді екеніне көзі жеткен. Осыған орай ол былай деп жазады: ««Түйін: Деректер Абылай хан мүрдесі деп нұсқаған қабірдегі адам қаңқасынан антропологиялық тұрғыдан зерттеу нәтижелері, дәлірек айтсақ, жерленген адамның бойы, жасы, кесел-сырқаты, жарақаты, оның оңқай болуы, жалпы дене бітімінің ерекшеліктері Абылай ханға қатысты мәліметтермен толық сәйкес келеді» [4, 297 б.].

Осымен қатар біздің кітабымыз жазушы Т. Нұрмағамбетовке маза бермей қойды. Жазушы тек ойдан шығарылған тұжырымдармен шектелмей, деректерді әдейі бұрмалап, біздің кітапта айтылған фактілерді өзгерте отырып Абы-

лай хан Қ.А. Яссауи ханакасы ішінде емес, гимарат сыртында жерленген дегенді дәлелдемек болады. Кез келген эксперттік баға қолдан бұрмаланған деректерге сүйеніп жасалған қиялдарға емес, шынайы фактілерге негізделуі керек. Біздің байқауымызша, «оппонент» үнемі Абылай ханның жерлену орны жөнінде мәліметтерді өзгертіп келтіреді де, негізгі айғақтарды айналып өтеді. Сонда Т. Нұрмағамбетов үшін маңыздысы, «Шекспирдің өзі емес, оның шығармасына айтылған тәпсірлер» дегендей болып тұр. Шындығында, Абылай қабірі деп деректер нұсқаған мүрдеден табылған адам қаңқасы, нақтырақ айтсақ, осы сүйекке қатысты краниология, остеология, патология мәліметтері, жыныс пен жасын көрсететін, басқа да жеке адамға ғана тән сипаттамалар кешені және олардың бір-біріне тәуелсіз біртұтас тарихи мәліметтермен дәл келуі-эксперттік қорытындының негізгі айғағы болып табылады.

2001 ж. Т. Нұрмағамбетовтың аталған тақырып бойынша атауы оғаш, түсініксіз болса да айқайлап тұрған «Ғасыр қателігі» деген кітапшасы жарық көрді [5]. Жазушы Абылай хан қабірі туралы зерттеумен тікелей айналысып келе жатқан біздерден мән-жайды сұрап білмей жатып, «сенсациялық» мақаласын жазған болатын. Тарих саласында, әсіресе, антропология саласында нағыз дилетант болған дықтан, оның мақаласында көптеген шатасулар, қателіктер, жалған тұжырымдар кездеседі. Т. Нұрмағамбетов «мен антрополог та, тарихшы да емеспін. Сондықтан, бұл салада пікір таластыру ойымда жоқ» деп бастапқыда жазғанына қарамастан, бірнеше жыл өткен соң тарихи-антропологиялық зерттеудің нәтижелерін терістеуге көшеді.

Осы кітапша авторы қалайда Абылай хан қабірі Қ.А. Яссауи ханакасы ішінде емес, сыртында екенін дәлелдеуге өбден тырысып бақты. «Япырмай, сонда XIX ғасырда, «Абылай хан кесенесін сол

алаңнан көрдім» деп жазған бірде бір жанның болмағаны ма? Дәл іштей ойланып жүрдік те. Ақыры ондай деректі де таптық» деп сендіріп жазады Т. Нұрмағамбетов [5, 68–6.].

Жазушының пікірінше, «Абылай хан мүрдесінің Қ. Яссауи кесенесінің шығыс жақ алаңында (ханаки) жерленгенін XIX ғасырда көрген, жазу белгілерін оқыған М.Бекчурин, А.К.Гейнс, М.Е.Массон жазбалары растайды. Әрине, олар Қ. Яссауи мешітінің шырақшылары емес, ауызша айтып кеткен. Аталмыш кісілер осы ой-пікірлерін өз замандарының журналдарында бастырып. Кітап етіп шығарған. Сондықтан, бұл кісілердің пікірлеріне ғалымдарымыз амалсыз бас шұғыл қалар деген сенімдеміз» [5, 81–6.]. Т. Нұрмағамбетовтың кітапшасының екінші бір бетінде «Яссауи кесенесін 1865–66 жылдары келіп Абылай күмбезінің сыртта екенін көрген, Абылайдікі екенін жазуынан оқыған М.Бекчурин, А.К.Гейнс, М.Е.Массон жазбаларына сенбей» жүр деп бізді айыптайды [5, 78–6.].

Т. Нұрмағамбетовтың «дәлелдерін» тексеріп көрейік. Біріншіден, Т. Нұрмағамбетов нұсқаған археолог М.Е. Массон Түркістан

қаласында XIX ғ. болмаған және болуы мүмкін емес-ті. Шындығында, Т. Нұрмағамбетовтың айтуы бойынша Түркістан қаласында 1865–1866 жылдары болды деген Массонымыз ол кезде әлі дүниеге де келмеген, ол әлдеқайда кейін, 32 жыл өткен соң барып, яғни 1897 ж. туылған. М.Е. Массон Түркістан қаласында тек 1928 жылы болған, алайда, оның еңбектерінде Абылай ханның күмбезі, не кесенесі, не құлпытасы мүлде аталмайды. Академик М.Е. Массонның ғылыми мұрасы жақсы зерттелген. Оның Қазақстан ескерткіштеріне арналған 9 еңбегінде немесе басқа зерттеулерінде қазақ ханы Абылайдың есімі мүлде кездеспейді. Сондықтан Т. Нұрмағамбетовтың Абылай қабірі туралы өз ойын дәлелдеу үшін М.Е. Массонда осындай мәлімет бар деп сілтеме жасап, айғақ ретінде ұсынуы ақылға сыймайды.

Т. Нұрмағамбетовтың брошюра-сында М. Бекчуринге жиі сілтеме жасалады және негізгі дәлел ретінде оның мақаласынан «цитата» келтіріледі. Алайда, осы «цитатаны» М. Бекчуринның «Описание мечети Азретга» атты мақала мәтінімен салыстыру нәтижелері оның түпнұсқасына қайшы келетіні, шындығында, М. Бекчуринның мәліметтерін бұрмалау болып табылады.

(Жалғасы келесі санда) ➤

Смагулов О.

ҚР ҰҒА академигі, Болония ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, т.ғ.д.

Қожа М.

Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ-нің Археология ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, т.ғ.д.

Исмагулова А.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері

Маңғыстау облысы



«МЕНІҢ ЕЛІМ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА 5 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСТЫ

2017 жылы «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту Қоры Маңғыстау облысында ауқымды «Менің елім» әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын іске қосты. «Менің Елім» бағдарламасы Қордың компаниялар тобы бар өңірлерінде өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жобалар сериясын біріктірді. Бағдарламаның басты мақсаты – өңірлердегі өмір сүру сапасын Астана және Алматы қалаларындағы өмір сүру деңгейіне дейін жоғарылату. «Менің елім» бағдарламасы бірнеше бағытты қамтиды:

азаматтық бастамаларды қолдау арқылы жергілікті қоғамдастықтарды дамыту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, тарихи-мәдени мұраны жаңғырту және салауатты өмір салтын дамыту. Өткен жылы «Samruk-Kazyna Trust» Қоры өңірде 4 маңызды жобаны іске асырды. Атап айтқанда, жалпы білім беру мектептерін спорттық құралдармен қамту бағдарламасының аясында Маңғыстау облысының 50 мектебі 47 жаңа спорттық құрал комплектімен қамтамасыз етілді. Бұдан бөлек, есту, көру және ойлау қабілеті нашар балаларға арналған 4 түзету мектебі арнайы түзету және дидактикалық құралдармен жабдықталды. Сонымен қатар, осы мектептерде балалардың демалуы үшін, жұмсақ және сенсорлы бөлмелер орнатылды. Маңғыстау облысының әлеуметтік кәсіпкерлері «Менің елім» бағдарламасы бойынша бөлінген

500 мыңнан 2 миллионға дейінгі гранттар арқылы өз жобаларын дамытуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ, бағдарлама аясында Ақтау, Жаңаөзен, Форт-Шевченко қалаларында, Мұнайлы ауданының екі ауылында және Маңғыстау ауданында орналасқан Шетпе кентінде 12 ойын алаңы мен спорт алаңдары ашылды. 2018 жылы Маңғыстау облысында мектеп оқушылары арасында Инновациялық жобалар олимпиадасы өтті. Бас жүлде ағылшын тілін үйрену үшін, Ұлыбританияға бір айлық

Қостанай облысы

«АҚЫЛДЫ СҮТ ФЕРМАСЫ» ЖОБАСЫ ЕНГІЗІЛДІ

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасы бойынша Қостанай облысында «Ақылды сүт фермасы» жобасы енгізілді. Оны енгізу үшін Австрия елінен сарапшы мамандар арнайы шақырылды. Олардың Тобыл өңіріне келгендегі мақсаттары - «Садчиков» ЖШС-ін Smaxtec бағдарламалық-аппараттық жүйесіне қосу. Сондай-ақ, мамандар аталмыш сүт-тауарлы ферманың қызметкерлеріне жаңа құрылғыны қолдану жолдарын үйретпек. Австриядан келген өз істерінің білгірлері - Франц Цехнер мен Эльвидин Диздаревич бұл жобаның озық елдердің тәжірибесі екенін айтады. «Бұл - Қостанай облысы ғана емес, тұтас Қазақстан үшін алғашқы жоба екенін білеміз. Сондықтан, біз шақырту алысымен Қостанай және Ақмола облыстарындағы сүт фермаларының өкілдерімен тәжірибе алмасуға келісімімізді бердік. Ауыл шаруашылығы дамыған әлем елдері қолданысқа енгізген заманауи құрылғы жұмыстың өнімділігін, өнімнің сапасын бақылауда ұстауға мүмкіндік береді», - дейді австриялық магистр Ф.Цехнер.

Сарапшының түсіндіруінше, бұл технологияның артықшылығы мынада: «болюс» атты арнайы құрылғы сиырлардың ауыз қуысы арқылы қарнына жіберіліп, сол арқылы жануардың жалпы жағдайын, негізгі физиологиялық параметрлерін толықтай бақылап отыруға болады. Әр бес минут сайын температура қадағалауда болады. Бұл-жануардың ауру-сырқауы-



ның алдын алуға арналған тың тәсіл. Сондай-ақ, құрылғы қозғалыс белсенділігі туралы ақпарат беріп отырады. Ол арқылы сиырдың ұрықтандыруға өзіндігін анықтауға болады әрі сүттілігі үшін қандай көлемде құнарлы азық беруі керектігін есептеуге жағдай тудырады. Әлем бойынша өзінге теңдесі жоқ осынау «болюс» құрылғысы, шамамен, сиырдың ішкі құрылысында бес жылға дейін сақталады. Сонымен, өңірді сүт өнімдерімен қамсыздандырып отырған фермалардың бірегейі - «Садчиков» серіктестігі ел бойынша бұл тың технологияны ең алғашқы болып қолданысқа енгізгелі отыр. Ферма қызметкерлерінің бұған дейін Австрияда оқып келгенін айта кеткен жөн. Яғни, жаңа жоба бойынша жұмыс істеуге өзір. Ал, еуропалық сарапшылармен ымыраласқан «АгриКАС» ЖШС директоры И.Сулименконың айтуынша, бұл өзінге пилоттық жоба түрінде қолданыс-

та болады. «Біз бүгіннен бастап 32 бас сиырға сынақ жүргіземіз. Біздің компания Австриялық Smaxtec компаниясымен бірігіп, мұны тегін іске асырады. Жүйе 3 ай бойы тестілеуден өтеді, - дейді ол. «Осы уақыт ішінде мұның экономикалық тиімділігі қадағаланады. Содан кейін ғана кәсіпорын соны технологиямен жұмыс істеудің қажетті-қажетсіздігі туралы шешім қабылдамақ. Егер бәрі ойдағыдай болса, болюс фермадағы барлық 740 сиырға қолданылатын болады», - деді серіктестік басшысы. Жобаны енгізу жұмыстары аясында «Ақылды сүт фермасы - әлемдік тәжірибе» атты дөңгелек үстел өтіп, тың жоба туралы ақпарат қостанайлық фермашыларға бүге-шігесіне дейін түсіндірілді. Айта кетейік, биыл Қостанай облысында ауыл шаруашылығындағы сандық технологияларды пилоттық негізде 20 кәсіпорынға енгізу жоспарланған.

Ақмола облысы

292 ТҰРҒЫН ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ



Астана әкімі Әсет Исекешев Қошқарбаев даңғылы, 39 мекен-жайы бойынша орналасқан жаңа үйдің тұрғындарына 292 пәтердің кілтін табыс етті. Қоныс тойы иелерін құттықтай отырып, Әсет Исекешев елордадағы баспананың қолжетімділігі халықтың барлық санаттары үшін жылдан-жылға артып келе жатқандығын атап өтті. Әкімдіктің құрылымын өзгерту аясында қазіргі таңда азаматтарды кезекке қоюмен, баспананы ұсынумен айналысатын арнайы мекеме жұмыс істейді. Жұмыстың жаңа форматы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Биыл мыңнан астам пәтері бар 6 ТК пайдалануға беріледі, деп жоспарлануда. Олардың жалпы ауданы 60, 58 мың шаршы метрді құрамақ. Сол себепті бізді күтіп тұрған қуанышты

жаңалықтар аз емес. Барлығыңызды қоныс тойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын!», - деді қала әкімі. Шараның салтанатты бөлімі аяқталған соң, Әсет Исекешев бірнеше пәтерді аралап, олардың тұрғындарын жеке құттықтады. Айта кетейік, 292 пәтері бар жаңа тұрғын үй кешені «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру аясында қала әкімдігінің тапсырысы бойынша салынып, пайдалануға берілді. Ол Нәжімеденов даңғылы мен Байтұрсынов көшесі арқылы Астананың сол жақ жағалауына шығатын ыңғайлы көлік айырығымен қамтамасыз етілген. Үйдің жанында Әзірет Сұлтан мешіті, Ұлттық музей, Бейбітшілік және Келісім Сарайы сияқты мәдени нысандар орналасқан. Сондай-ақ, аталмыш үй орналасқан ауданнан «Астана Нұрлы Жол» теміржол вокзалына тікелей жетуге болады.

Алматы облысы

БАРЛЫҚ БАЗАРЛАР ЖАНАРАДЫ

Сауданы заманауи форматқа көшіру және салық түсімінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мегаполистің барлық базарлары жаңартынып болады. Бүгінгі күні еліміздің ең ірі қаласында 57 базар жұмыс істейді. Соңғы бес жыл ішінде қала басшылығы «қызыл жиекке» орналасқан, санитарлық нормалар мен мегаполистің архитектуралық келбетіне сай келмейтін 20-дан астам базарды жойды. Қазіргі кезде олардың орнына жүргінші аймақтары, қоғамдық көлік үшін кеңейтілген жолдар, жер үсті өтпелі жолдар пайда болды. Дегенмен, қалада әлі де болса сауданың кішігірім талаптарына жауап бермейтін базарлар бар, ал кәсіпкерлер контейнерлер мен дүңгіршіктерде жұмыс жасауда. Қаланы одан әрі дамыту үшін, мұндай базарлар алынуы тиіс. Жуырда ғана «Кар Сити» сауда орталығы алдындағы 100-ден астам сауда мен қоғамдық тамақтану нүктелері жойылды. «Рахат» базары маңын жалға беру мерзімі аяқталысымен, оның айналасына қалалықтар үшін аллея жасау жоспарланған. «Қазіргі кезде 16 базарды жаңарту жұмыстары жүзеге асты, олардың меншік иелері 16 миллиардтан астам инвестиция бөлді. Жыл аяғына дейін тағы да алты базар реконструкцияланады. Бесуі модернизациялануда және жаңарту жұмыстары келер жылы аяқталады», - деп хабарлайды Алматы әкімдігінің баспасөз қызметі. Қала басшылығы базарларды модернизациялаудың бірқатар нақтылы шарттарын белгіледі, яғни оларда стационарлық нысан міндетті түрде салынуы, обьектілердің барлығы санитарлық -эпидемиологиялық нормаларға, өрт қауіпсіздігі талаптарына сай және көлік тұрағының болуы, еліміздің салық заңдылығына қатаң сақталуы тиіс, сонымен қатар кәсіпкерлер тіркеуден өтіп, POS-терминалдар мен кассалық аппараттардың болғаны жөн. Базарларды модернизациялау қазірдің өзінде тиімді болуда. Соңғы жылда көтерме-бөлшек сауда айналымы қалада 3,4%-ға артып, 12,8 трлн. теңгені құрады.



Жеке тұрғын үй салу үшін алынған жер учаскесінде салуға арналған үйдің жобасы қандай болуға тиіс?

«Жеке тұрғын үй құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 3 қарашадағы N 213 Заңының 3-бабына сәйкес, құрылыс салушы тұрғын үйді белгіленген құрылыс және міндетті қалыптар ережелерді бұзбайтын және республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының сәулет-қала құрылысы қызметімен келісілген кез келген жоба бойынша салуға құқылы. Белгіленген тәртіппен бекітіліп берілген учаскесінде орналасқан тұрғын үй мен басқа да құрылыстардың көлемін олардың сыртқы тұрқы (соның ішінде билікті) осы құрылыстар, сондай-ақ, шектес жер учаскелеріндегі белгіленген міндетті қалыптық, санитариялық, өрттен қорғау және техникалық арақашықтықты қамтамасыз ететін жағдайда, жеке құрылыс салушы дербес белгілейді.

Тұрғын үй қорын және кондоминиум объектісін басқаруды кім жүзеге асырады?

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 6-бабына сәйкес, тұрғын үй қорын және кондоминиум объектісін басқаруды меншік иесі тікелей не өзі құратын (тағайындайтын, сайлайтын) органдар арқылы, сондай-ақ сенім білдірілген адамдар арқылы жүзеге асырады.

Тұрғын үйді сатып алуға кімнің құқығы бар?

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 11-бабына сәйкес, азамат немесе заңды тұлға, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы аумағының қай жерінде тұратынына қарамастан, жеке меншігіне заңды түрде тұрғын үй сатып ала алады. Бір азаматтың немесе заңды тұлғаның меншігіндегі тұрғын үйлердің саны мен көлеміне шек қойылмайды. Тұрғын үйге меншік құқығын алуға немесе жүзеге асыруға байланысты қатынастар да Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

Тұрғын үйге меншік құқығы туындауы үшін нелер негіз болады?

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 12-бабына сәйкес тұрғын үйге немесе оның бір бөлігіне меншік құқығы мы-

надай негіздер бойынша:

- 1) үй (үйдің бір бөлігін) салу;
- 2) сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту, өмір бойы күтіп ұстау шартымен, алып қою мәмілелері мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу;
- 3) тұрғын үйді мұраға немесе құқықтың әмбебап түрде ауысуы ретімен алу;
- 4) жалға алушының мемлекеттік тұрғын үй қорының үйінде өзі тұратын тұрғын үйді немесе тұрғын үй-жайды жекешелендіру (сатып алу немесе тегін алу) жолымен меншігіне алуы;
- 5) тұрғын үй (тұрғын үй-құрылыс) кооперативі мүшесінің тұрғын үй-жай үшін пай жарнасының бүкіл сомасын төлеуі;
- 6) шарттық міндеттеме, соның ішінде азаматтың үй салуға өз қаражатымен немесе еңбегімен қатысуы туралы шарт негізінде тұрғын үй-жайды меншікке беру;
- 7) заңды тұлғалардың мемлекеттік емес меншік нысанына негізделген тұрғын үйді сату не тегін беру жолымен өз қызметкерінің немесе өзге азаматтың меншігіне беруі;
- 8) мемлекеттің немесе заңды тұлғаның мемлекеттік меншік нысанына негізделген тұрғын үйді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттармен өз қызметкерінің не өзге адамның меншігіне беруі;
- 9) жеке меншікте болған тұрғын үйдің бұзылуы немесе күштеп алынуы салдарынан тұрғын үйден айырылуының өтемі ретінде тұрғын үй беру;
- 10) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған басқа да негіздер бойынша пайда болады.

Тұрғын үй иесінің негізгі құқықтары мен міндеттері қандай?



«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 18-бабына сәйкес тұрғын үйдің, сондай-ақ салынып бітпеген тұрғын үйдің иесі оны, сату шартын белгілей отырып, өз қалауы бойынша еркін сатуға, сыйға тартуға, айырбастауға, басқа адамдарға мұраға қалдыруға, кепілге беруге, осы бапта көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған өзге де жолмен оған билік етуге құқылы.

Ипотекалық тұрғын үй қарызы қаражатының есебінен толық немесе ішінара сатып алынған тұрғын үйді сатып алу-сату шарты мемлекеттік тіркелген кезден бастап, меншік иесінің ипотекалық тұрғын үй қарызы толық өтелгенге дейін кредитордың келісімінсіз осы тұрғын үйге билік етуге құқығы жоқ.

Меншік иесінің тұрғын үйді немесе оның бір бөлігін тұрғын емес мақсатта

пайдалануы оған мемлекеттік органдардың рұқсатын қажет етпейді.

Бұл құқықты меншік иесі құрылыс, санитариялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен ережелерді сақтаған жағдайда ғана іске асырады.

Егер құзыретті органдар міндетті нормалар мен ережелерді бұзу фактілерін не тұрғын үйді пайдалану басқа азаматтардың құқықтары мен мүдделерін айтарлықтай бұзатын фактілерді анықтаса, үй-жай иесі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тартылып, сонымен бірге оған мұндай тәртіп бұзушылықтарды және олардың зардаптарын жою міндеті жүктелуі мүмкін.

Бір тұрғын үйде орналасқан үй-жайлардың иелері оны күтіп ұстау жөніндегі ортақ шығындарға қатысуға міндетті. Әрбір меншік иесі шығынның мөлшері тұрғын үйдегі тұрғын үй-жайлардың пайдалы алаңының немесе дара (бөлек) меншіктегі тұрғын емес үй жайлар алаңының тұрғын үйдің жалпы алаңына қатынасымен анықталады.

Кімдер тұрғын үй иесі отбасының мүшелері деп танылады?

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 21-бабына сәйкес, Үнемі бірге тұратын ерлі-зайыптылар мен олардың балалары тұрғын үй иесі отбасының мүшелері деп танылады. Ерлі-зайыптылардың ата-аналары, сондай-ақ өздерінің отбасы бар және меншік иесімен үнемі бірге тұратын балалары өзара келісім бойынша ғана меншік иесі отбасының мүшелері деп танылуы мүмкін.

Ерекше жағдайларда, егер меншік иесімен үнемі бірге тұрса және онымен кемінде бес жыл ортақ шаруашылық жүргізсе, басқа адамдардың да тұрғын үй иесі отбасының мүшелері деп танылуы мүмкін. Еңбекке жарамсыз асырауындағылар, егер олар меншік иесімен үнемі бірге тұрса, меншік иесі отбасының мүшелері болып табылады.

Меншік иесінің тұрғын үйді басқа адамдарға жалға беруі қалай жүзеге асырылады?

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 23-бабына сәйкес, меншік иесі өзі тұратын тұрғын үйді, не негізгі мақсаты жалға алушыларға тұраққа не уақытша тұру үшін берілу болып табылатын тұрғын үйді жалға беруге құқылы. Тұру шарттары (жалдау мерзімі, ақы төлеу мөлшері, жөндеу жөніндегі міндеттерді бөлісу, жалға алушыларды шығарудың негіздері және сол сияқтылар) осы Заңмен, сондай-ақ жалға беруші мен жалға алушы арасындағы шартпен белгіленеді. Тұрғын үйін жалға беретін адамдарды меншік иесі таңдайды. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, осы Заңның 67-бабында аталған азаматтарға кейіннен беру үшін жеке тұрғын үй қорынан тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдауға құқылы.

adilet.gov.kz

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ПОРТАЛЫНДА ЖҰМЫС ІЗДЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Электрондық үкімет» порталы (eGov.kz) жұмыс іздеу бойынша қызметтерді іске қосты, деп хабарлайды «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ баспасөз қызметі. Хабарда айтылғандай, енді egov.kz арқылы жұмыс табуға болады, - ҚазТАГ.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жұмыссыздар мен жұмыс іздеушілерге арналған қызметтердің іске қосылғаны туралы хабарлайды. Енді eGov.kz порталы арқылы үйден шықпай-ақ, жұмыс іздеуші ретінде тіркеліп, сондай-ақ жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына* жолдама алуға болады.

Жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғаларға 4 бағыт көзделген:

Жұмыссыз тұлғаларға жастар іс-төжірибесі жолдамаларын алу;

Жұмыссыз тұлғаларға қоғамдық жұмыстарға қатысу жолдамаларын алу;

Жұмыссыз тұлғаларға әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа тұру туралы жолдама қағазын алу;

Жұмысқа тұру туралы бағыт қағазын алу;

Жұмыс іздеуші тұлғалар үшін «Жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама» көрсетілетін қызметі жұмысқа орналасуға мүмкіндігі бар жолдаманы алу бөлігінде ғана қолжетімді.

«Егер пайдаланушы табыс әкелетін жұмысы бар болса немесе құжаттарды ұсыну кезінде жұмысы мен табысы болмауы туралы жалған мәліметті қамтитын жағдайда дәлелді бас тартуды алады. Қызмет зейнет жасындағы адамдар үшін де қолжетімсіз. Алынған қызметтер бойынша барлық ақпарат пайдаланушысының Жеке кабинетінде сақталатын болады», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс жөніндегі департаментінің директоры Асқар Атағұла.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижесінде жұмыс іздеуші тұлға ретінде тіркелгені туралы хабарлама немесе жұмысқа орналасу бойынша жолдама алады. Жұмысқа орналасу жолдамалары «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен электрондық форматта беріледі.

Қызмет 1 жұмыс күні ішінде көрсету мерзімімен тегін болып табылатынын атап өтеміз (мемлекеттік қызметтің стандартына сәйкес).

Қызметті пайдалану үшін eGov.kz порталында авторизацияланған болуы, қызмет алуға өтініш беріп, ЭЦҚ-мен қол қоюы қажет.

http://egov.kz/cms/kk/services/job_search/pass034_mtszn

http://egov.kz/cms/kk/services/job_search/pass177_mtszn

Анықтама: *Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары – жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шаралары және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыссыз,

ҚР Парламентінің жалпы отырысы барысында Мәжіліс депутаттары Денсаулық сақтау министрлігі өзірлеген дәрі-дәрмектердің экономикалық қолжетімділігін арттыруға, олардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұтымды пайдалануға ықпал ететін заң жобасын талқылады, - деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі.

Мұнан өзге, заң жобасының нормалары дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жоспарлау мен оларды сатып алу жүйесін жетілдіруге бағытталған. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауына және Еуропалық экономикалық одаққа дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жалпы нарығын құруға сәйкес өзіренді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халық үшін дәрі-дәрмектердің экономикалық қолжетімділігін арттыру үшін, оларды көтерме және бөлшек сату



ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ ШЕКТІК БАҒАСЫ БЕКІТІЛЕТІН БОЛАДЫ

кезінде дәрі-дәрмекке арналған бағаларды реттеуге мүмкіндік беретін механизмдер енгізілетін болады. Бұл механизмдерді өзірлеу кезінде ЭДЫҰ және ЕАЭО елдерінде дәрі-дәрмектерге арналған бағаларды реттеу бойынша халықаралық тәжірибе ескерілетін

болады. Бағалық реттеу механизмдері енгізілгеннен кейін, шекті көтерме және бөлшек сату бағалары туралы ақпаратты Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурстарынан және Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінен

табуға болады, ал бағаларды көтеру туралы фактілерімен халықтан кері байланысты азаматтар үшін арнайы өзірленген мобилдік ұсыныс арқылы енгізу жоспарланып отыр.

Дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың сапасы мен қауіпсіз-

дігін қамтамасыз ету үшін, заң жобасы 2018 жылғы қаңтардан бастап өндірушілер мен дистрибьюторлар үшін, ал бөлшек сату желісі үшін 2023 жылғы қаңтардан бастап тиісті фармацевтикалық практикалардың халықаралық стандарттарын жедел енгізуді көздейді. Тиісті фармацевтикалық практикалардың халықаралық стандарттарын жедел енгізуді уәждемелеу ТМҚКК шеңберінде дәрілік заттарды сатып алу кезінде сертификат иелері үшін артықшылық болмақ. Дәрі-дәрмекті тіркеуден кейінгі бақылау (фармакологиялық қадағалау) және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігін мониторингтеу жүйесі күшейтілетін болады, ол медициналық ұйымдар

бұйымдарды оңтайлы таңдау және оларды этикалық ілгерілету жөніндегі нормаларды өзірлеген болатын.

Дәрілік заттарды сатып алу процесінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, сатып алу рәсімдерін оңтайландыру және өкімшілік тосқауылдарды төмендету, өлеуетті қызметтер берушілермен жеке қатынасу мүмкіндігін алып тастау, сондай-ақ дәрі-дәрмектің қозғалысына бақылауды қамтамасыз ету үшін. Сондай-ақ, заң жобасы ҚР Қаржы министрлігінің сатып алу порталын қолдана отырып, дәрі-дәрмекті электрондық сатып алуға көшуді көздейді.

Анықтама: Алматы және Астана қалаларындағы бөлшек сату дөріханаларындағы бағалардың мониторингі өртүрлі дөріханаларда бір атаудың бағасының айырмасы 100%-дан асатынын көрсетті. Мысалы, Кетерол препаратының ең төменгі бағасы 230 теңгені, ал ең жоғары бағасы – 500 теңгені құрайды, айырмасы 100% астамды құрайды. Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасында бағалар сатып алудың шекті бағаларын белгілеу арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету үшін, сатып алынатын дәрі-дәрмектерге ғана реттелетінін атап көрсетеміз.

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ

Оңтүстік Қазақстан облысы жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№8 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді.

Орталықта І-ІІ топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтар оңалтудан өтіп, 8 бағытта арнаулы әлеуметтік қызметтер түрін алады. Қызмет алушыларға барлық жағдай жасалған жылы бөлмелер беріледі, одан соң 5 мезгіл тамағы бар, ал күндіз қатынайтын қалалықтар үшін 2 мезгіл тамақ қарастырылған. Әлеуметтік-тұрмыстық қызмет және орын жайлар санитарлық-гигиеналық талаптарға сай. Орталықта жыл көлемінде 960 мүмкіндігі шектеулі азаматтар оңалтудан өтеді.

Ем қабылдаушыларға физио-емдеу бөлмесінде электр аппараттарымен емдік процедураларды, парафинмен емдеу және емдік дене шынықтыру жаттығулары, буын мүшелерін уқалау емдік жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, орталықта түрлі спорттық ойындар ұйымдастырылып, қатысушының денсаулықтарына қарай ойындарға қатыстырылып, жеңімпаздар арнайы алғысхаттармен марапатталады.

Орталық қызметкерлері әр емделушіге жеке көңіл бөліп, ұлтжандылық тәрбие беру, патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында мәдени іс-шаралар-

ға, мұражай, кітапханаларға саяхат жасап отырады. Сонымен қатар, өздігімен еңбек етуге, жеке мәселелерін шешіп, үйренуге бейімдейді.

Мекемеде І- топтағы мүмкіндігі шектеулі азамат Ермек Қалымбетов музыкалық жетекші қызметін атқарады. Тек қызмет етіп қана қоймай, күш-жігері мықты ұлымыз — Ермек өнерімен талай асуларды бағындырды. Түрлі облыстық, Республикалық, Халықаралық байқауларда жүлделі орындарды иеленген.

Әлбетте, мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамнан тыс қалмауына мемлекет тарапынан жіті көңіл бөлінуде. Ең бастысы – Елбасы ағымдағы жылғы Жолдауында мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс екенін айтып, кәсіпкерлерге оларды жұмысқа орналастыруға шақыған еді. «Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болады», - деп атап өтті.

Мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс жасау қиын, себебі олар өмірге өкпелі жандар. Алайда, сол жандардың көңілінен шығып, қуаныш сыйлап жүрген мекеме басшысы Гулия Лесбекқызы Жызыхбаева және қайырымды қызметкерлерге қанша алғыс айтсақта аздық етеді.

Р.ТҰРАШБЕКОВА,
Кәсіподақ ұйымының төрайымы.

Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу мемлекеттің жұмыс берушілер мен азаматтардың денсаулығы үшін жоғары жауапкершілігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін, бірінші кезекте, алғашқы медициналық-санитариялық көмектің өрі жеке медицинаның дамуы және медицина ұйымдары арасындағы бәсекелестікті арттыру мақсатында құрылған болатын.

Медициналық сақтандырудың басты міндеті – халықтың денсаулығын қорғау. Жиналған қаражат есебінен азаматтардың тегін медициналық көмек алуына мүмкіндік береді. Осы орайда, Облыстық дерматологиялық венерологиялық диспансерінде медицина саласының мамандарының қатысуымен жиын болып өтті. Жиын барысында

сөз алған мекеменің бас дәрігері Жадыра Будесова міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу бойынша түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізілгендігін, тұрғындар арасында медициналық сақтандыру жүйесінің қағидалары, емделушілерге пайдасы мен тиімділігі туралы толықтай түсіндіріп өтті. Жадыра Өтебайқызы «Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру» Нұр-

сұлтан Әбішұлының «Ұлт жоспары 100 нақты қадам» атты мақаласы аясында бастау алған болатын. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын тегін денсаулық сақтаудан медициналық сақтандырудың айырмашылығы осында. Қазіргі

бюджет есебінен амбулаториялық-дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ете отырып, амбулаториялық-емханалық көмек көрсету қарастырылған. Осы пакетті алу құқығы жарна төлейтін ҚР аумағында ҚР аумағында тұрақты түрде тұратын азамат-



МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

таңда, медициналық сақтандыру жобасымен көптеген науқастар тұрақты тексерілуден өтіп, жүйелі түрде ем қабылдауда. Осы орайда, сіздерге көрсетілген қызмет түрлері төмендегідей, жедел көмек және санитариялық авиация, әлеуметтік маңызы бар аурулар мен шұғыл жағдайлар кезінде көрсетілетін медициналық көмек, профилактикалық екпелер. Ал, өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтамасыз ететін тұрғындар үшін, 2020 жылға дейін республикалық

тығы жоқ тұлғалар мен шетелдік азаматтарға беріледі», - деді. Жалпы, Елбасының бас-тамасымен елімізде көптеген игі жұмыстар атқарылуда. Соның ішінде, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» жобасы ерекше аталады. Қарттар мен балалы аналарға, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға берілген үлкен мүмкіндік деуге болады. Еліміздің әрбір тұрғыны дергіне тегін шипа алып жатқан нұр үстіне, нұр.

ТЕРІСКЕҮДЕ ТАЛАНТТАР ТАНЫЛУДА

Созақ ауданының орталығындағы Тәуелсіздік саябағында үш айдан бері өтіп жатқан “Теріскей таланттары-2018” халық өнер фестивалінің “Халық-өнер қайнары” атты ұжымдық, көркемөнерпаздар байқауы Сызған, Жуантөбе ауылдық округтері өнерпаздарының концертімен жалғасты.



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламалық мақаласы аясында туған жердің рухани, мәдени құндылықтарын кеңінен насих-

Қаратау қойнауында мамыражай күн кешіп жатқан мейірбан да еңбекқор, татулығы мен ауызбірлігі бекем халықтың қасиетін, жердің ерекшелігін, табиғи қалпын көрермен көңіліне өнер

арқылы қондыра білді.

“Жуантөбе ауылынан шыққан қаншама әнші, ақын, сазгерлер жетерлік. Бүгінгі байқауда тақырыпты ашуға барынша тырыстық. Ауылдық округтің тарихы мен тыныс-тіршілігін, қолөнер және қылқалам шеберлерінің еңбегін көрсететін көрме ұйымдастырумен қатар, еңкейген қарттан жүгірген балаға дейін, аудан орталығынан 150 шақырым жерден 30-ға жуық көлікпен келдік. Қарияларымыз ауылдан өсіп келе жатқан жас дарындарды бүгін көріп, қуанып, ақ баталарын беріп жатқанын да көрдіңіздер. Үлкен сахнаға шығып, дүйім халық алдында тұсауы кесіліп жатқан жас таланттарымыздың бағы жана беретініне сенімдім мол”-дейді, Жуантөбе ауылдық округінің әкімі Абраев Дәуіржан Жолдасұлы.

Керуендете жеткен мерекелік кешке республикаға танымал әнші, Жуантөбе ауылының тумасы Марат Имашов та қатысып, елге өнер сөлемін жолдады. Фестиваль жеңімпаздары 1 маусым күні “Теріскей таланттары-2018” байқауының қорытынды гала-концертінде аудан әкімінің қомақты сыйлығымен марапатталатын болады.

аттау және Астананың 20 жылдығы мен Созақ ауданының 90 жылдығына арнап ұйымдастырылған фестиваль барысында аудандағы әрбір ауылдық округте өнердің барлық жанры бойынша іс-шаралар өтіп, қорытынды гала-концертті орталықта өткізу міндеттелген болатын.

Айта кетерлігі, Жуантөбе ауылы мәдени іс-шараны тұңғыш рет кеңінен өткізіп, елге ерекше әсер қалдырған. 2000-нан аса халқы бар елді мекеннен 100-ден аса өнерпаз жұмылдырылып, “Үшкөкше әуені-Жуантөбе” атты мерекелік шарада Теріскей төсіндегі тасада жүрген таланттар киелі сахна төріне шығып, әсем ән айтып, мың бұрала би де биледі. Әсіресе, “Рухани жаңғыру”, Астанаға - 20жыл”, “Созаққа - 90 жыл” флешмобы мен жергілікті ақын-сазгерлердің өндери, мектеп ұстаздарының интермедиясы, өңірдің сұлу сөз зергерлері Жұпар Жүзбаева мен қызы Жәудір Жұбаншыеваның “Жуантөбе” шығармалары қарт



ОҚО Бейнелеу өнері музейі директорының орынбасары Е.Рүстембек, Облыстық жасөспірімдер кітапханасы директорының орынбасары Г. Жанысбекова, ОҚО Суретшілер одағының төрағасы Н.Шилибаев, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, М.Әуезов атындағы ОҚМУ оқытушысы, кескіндеме профессоры, суретші Ә.Айдосов, ОҚО Мәдениет және халық шығармашылығы орталығының редакторы, Халықаралық “Баспасөз сыйлығының” иегері М. Айтпенбетова саралады.

Аталмыш көрме-байқау өте жоғарғы деңгейде өтті. Қазылар алқасы өздерінің оң шешімін қабылдап, көпшілікке жариялады. Бас жүлдені С.Абдураимова, В.Литвина қанжығасына байлады. Ал, Үздік мәтін оқығаны үшін Ә.Жұмағұл, А.Бурановтар марапат

“БІР ӨЛЕҢ - БІР СУРЕТ” БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының ОҚО Бейнелеу өнері музейі және облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен Елордамыз-Астана қаласының 20 жылдық мерекесіне орай «Бір өлең – бір сурет» жас суретшілер байқау-көрмесі өтті. Үміткерлер ақын, Физули атындағы халықаралық сыйлықтың иегері Құрал Көмектің “Қазақ елі”, “Астанаға нұр шашу” туындыларына сүйене отырып, өлеңдердің мазмұнына байланысты өз ойын қағаз бетінде сипаттады.

Байқау-көрменің мақсаты - өскелең ұрпақты еліміздің арман қаласы Астанаға деген құрметін сезіну. Шығармашыл жастардың шабытын оятып, Астана қаласының 20 жылдығын бейнелеу өнері арқылы отанға деген патриоттық сүйіспеншілігін арттыру және қолдау көрсету.

Өлеңмен ұштастыра отырып салынған суреттерді



төрінен көрінді. Үздік композиция номинациясына Г.Шампилова, Г.Орақбай лайық деп танылды.

Байқау қатысушыларына алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.

КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ - КҮЙ, ӘДЕМІ ӘСЕР МЕКЕНІ - ЦИРК



Цирк өнері - тарихы да, дәстүрі де терең мәдени игілік. Ағылшындық бесаспап өнерпаз Ашлей орнықтырған диаметрі 13 метр манеж төсінде небір жанрлар жарқылдап көрінуде. Күмбез астындағы әуе гимнастарының, керілемелі арқан үстінде еркін жүгіретін сайыпқырандардың, күштік аттракциондағы палуандардың көз жетпес шапшаң қимылдары, епті самғауы кімнің болса да таңданысын тудырып, қиялын екшейді.

Құрылғанына алты – ақ жыл болған «Оңтүстік-цирк» тез арада бойын тіктеп, жанрлық ауқымын кеңейтіп, орындаушылық шеберлігін шыңдап келеді. Халықаралық «Азия жаңғырығы», «Шабыт» фестивальдарындағы, Алматыда өткен гимнастардың чемпионатындағы Сұраншиевтердің, П.Анарбекованың, Д.Мералиеваның жүлдегер болуы, бірер топтың ҚХР, РФ цирктерімен әріптестік ретінде гастрольдерінде болуы, Қ.Дүйсеқұлов жетекші-

лігіндегі «13-аймақ» атты шабандоздар тобының бірнеше фильмге түсуі, облыста өтетін мәдени іс-шаралардың сәні болып жүруі соған дәлел бола алады.

Цирк ұжымының өз дәстүрі де қалыптасқан. Шынайы, жарқын өнердің облысымызда негізін қалаған ардагерлерді ескеріп, арнайы іс-шара дайындау, цирк өмірімен сабақтастыру, насихаттау дағдыға айналған. Бұл үрдіс, әсіресе, соңғы кезеңде күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасұлының 147- жылдығына арнап ұйымдастырылған «Ұлы дала ұрпағы» бағдарламасында көрініс тапты. Ұлттық цирк өнерінің басында болған әлемге танымал баһадүр балуанның ізбасарлары, оған үн қоса кеткен аң үйретушілер, эквилибр шеберлері баба рухымен айбындала, шарықтай түсті.

Ұжымның тағы бір жан сүйсінтер қыры – Халықаралық цирк күні қарсаңында облыстың аудан-қалаларында, клуб, мектептерінде

осы бір жарқын өнерге әуес жас талапкерлерді шақырып, облыстық байқау өткізу дәстүрі. Бас цирк аренасында көрермендер қошеметіне бөленіп, цирк шеберлерімен қоян-қолтық араласа өнер көрсету, марапаттарға ие болу жас өнерпаздарға үлкен қанат бітіретіні белгілі.

Өнер додасында шардаралық Нұрай мен Ақсәуле Қыстаулар фокус-иллюзион өнерін төп-тәуір меңгеріп келе жатқаны, екеуінің киім, жүріс-тұрыс үйлесімі, мақтаралдық Сымбат Әділбекова мен Аяна Әбуованың көркем гимнастика элементтеріне жап-жақсы жаттыққаны, Бөйдібек, Қазығұрт аудандарының акробатикалық өнерді меңгеріп келе жатқан қыздар топтарының композициялары жақсы әсер қалдырды.

Сайрамдық Ш.Атамқұловтың катушка үстіндегі әбжіл қимылы, Д.Анартаевтың ғажайып иллюзионы, Бөйдібек ауданының Б.Бекберген жетекшілігіндегі акробаттар өнері байқаудың жоғары деңгейін паш етті.

Қатысушылар тиісті марапаттарға ие болды. Оның ішінде цирк ардагерлері И.Ниязов, Ж.Шекербековтың тағайындалған дәстүрлі жүлделері өнер мерекесіне өзіндік бояуын қосты. Тәлімгерлік миссиясын ескерген «Оңтүстік-цирк-тің» Қ.Ізтілеуов, М.Бегалиев, Д.Ордабаев сынды білікті мамандары байқауға қатысушыларға кеңестерін айтып, «Оңтүстік-циркпен» байланыстарын үзбеуді тапсырып, өздерінің оларға әдіскерлік, кәсіптік көмек беруге дайын екендігін білдіріп, кісілік биіктен көрінді.

Цирк ұжымы бүгінгі таңда Жетісай қаласында шапитода өнер көрсетуде. Ал, сол уақытта клоунада өнерінің шеберлері Ержан Таңатов пен Әбу Әбдразақ Бішкекте өткен халықаралық клоундар фестиваліне қатысып, лайықты жүлдемен оралды.

**Бетті дайындаған:
Акерке ИСМАНОВА.**

Рухани жаңғыру



Суретте: Ортада кәсіпкер ана Жұмазия Кішкентайқызы

Қазақсанға Тәуелсіздік өздігінен келген жоқ. Бұл ата-бабаларымыздың армандаған мақсаты орындалды деген сөз. Мың өліп, мың тірілген қазақты мыңбірінші рет қиындыққа жеткізбей, Қазақстанның туын биік ұстап, ел тізгінін қолға алған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында осы күнге жетіп отырмыз. Тағы да мынадай әдемі сөз бар. «Жаратқанның жан пендені жарылқауы-адамның жомарттығына да байланысты»-деген. Жан-дүниесі, пиғылы, ниеті жақсы адамға Алла да береді екен. Сондықтан, бірлікті, ынтымақты болайық. Президентіміздің саясатын қолдайық. Қолдағы барды бағалай білейік.

Әрбір адамзат баласы қолынан келгенше біреуге жақсылық жасау керек. Алла Тағала өнерді маған бекерден-бекер берген жоқ. Мен шыншымды айтсам, он саусағымнан өнер тамып тұрған адаммын. Менің анам өте шебер адам еді. Ол кезде текемет тапшы ғой. Біздің үйде бәрі қолдан жасалатын. Тіпті, тезек салатын қапқа дейін өзі тігетін. Төселетін алашаны анам қолдан тоқитын. Өнерге құштарлығым, ынтықтығым анамнан дарыған-ау деп ойлаймын. Бала кезімнен мен өнерге жақын болдым. Тігуге де, тоқуға да.

Матаны кесіп, пішіп, киім тіге саламын, жіпті алып, тоқи саламын. Неге мен қарап отыруым керек!? Бұл маған жат нәрсе.

Бір жүйеден екінші жүйеге өтіп, еліміз қиналған заман бәріміз үшін де, менің замандастарым үшін де оңай болған жоқ. Сол кездері өте қиын заман болды, бұл жағдай қазақстандықтардың басынан өтті. Ең алғаш тапсырыс алған сәт әлі есімде...

Қиындықты жеңе білу де - Өнер

Облысымыздағы «Қазына» фольклорлық ансамбліне арнап ұлттық киім тігерде, қажетті мата, жіп, ине іздеп, біраз қиналды. Өйткені, сол кезде дүкендерде зат болмай, жұрт алаңдап бастаған уақыт еді. Қажетті дүниелерді жүгіріп жүріп, іздеп таптық. Көпшілікке танылған кез осы тұс еді. Алға ұмтылып отырдым.

Сосын қазақтың ұлттық киімдерімен Турцияда, Португалияда, Бельгияда, Италияда өткен халықаралық дүниежүзілік көрмелерге қатысып, елге абыроймен оралған сайын «Қыз Жібектің» мәртебесі өсті. Тапсырыстар көбейді. «Қыз Жібектің» ерекшелігі-ұлттық киімдерді ою-өрнекпен көркемдеп, жібек жіппен кестелеуінде еді. Фирма тігіншілерін осы өнерге баулыдым. Өйткені, қазақ оюларының мазмұнына көңіл аудармай, қырқып алып жапсыра салған базардағы арзан-қол шапандарды көргенде, жаным ауыратын... Цех ашудағы басты мақсатым-осы олқылықтың орнын толтыру болды.

Сол кездері мен балалар үйіне көмектесіп тұратын едім. Көз алдымнан жәу-теңдеген жетім балалар кетпей қойды, оларды ойлап тұратынмын. Сол балаларды тағы іздеп бардым. Оларды көріп, үлкен-кішісіне қарап, өлшемдерін бағамдадым. Сонан соң, оларға арнап кеудеше, көйлек тоқуды қолға алып, олармен тағы кездестім. Балалардың

қуанышын көргенде көңілім марқайып қалады. Сонан соң, басыма ой келді. «Тәуелсіздіктің 25 жылдығына 25 киім тігуім керек! «Мәңгілік елдің құрметіне мен неге 25 киім даярламаймын!»-деп істі бастап кеттім.

Балалар үйінде тастандылар екі-үш топқа бөлінді екен. Жаңадан туылған нәрестеден бастап төрт жасқа дейінгі балаларға дейін тәрбиеленеді. Негізі төрт жастағы балалар көбінесе аурушаң келеді екен. Сонан соң, олардан кішірек жүгіріп жүрген жеткіншектер. Сондықтан, аурушаң балаларға жылы жүннен кеудешелер тоқып, одан кішілеріне нәски, ал, жаңа туылғандарға жаялық, ұйықтағанда киетін киім, бір жасқа дейінгі бүлдіршіндерге мақта матадан көйлек, жейде тігу қажеттігін түсіндім. Балалар үйіне барғанда, олардың өлшемдерін көзбен қарап-ақ белгілеп алдым да балаларға тапсырма бердім, қыздарыма мата, түрлі жіп әкелесің, мен балаларға киім тігемін дедім. Балам мен келіміме: «Балаларға нәски, шұлық, кеудеше тоқимын, маған қажетті жүннен жасалған жіп әкеліндер» дедім. Олар дер кезінде жеткізіп тұрды. Күн-түн демей, тоқыма тоқыдым, киім тіктім. Негізі ай сайын зейнет-ақымның бір бөлігін балалар үйіне қажетті заттар үшін бөліп қоямын. Сөйтіп, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына 25 ба-

лалар киімдерін әзірлеп, апарып бердім.

Мен демалыс орнында жүрсем де, ем қабылдап, ауруханада жатсам да қарап отырмаймын. Адам уақытты босқа өткізбеу керек. Қарап отырмай, айналамдағы адамдарға насихаттап, осы іске тартуға тырысамын. Оларға «Қандай пайдалы іс істесендер де. сауап болады»-деп айтып отырамын.

Қазақта мынадай мақал бар. Хадисте де жазылған. «жерде жетім жыласа, көкте періште күңіренеді» деген. Сондықтан, жетімдерді жылатпайық, ағайын.

Қазақта қандай қиын кездер болса да, жетім мен жесірді жылатпаған.

Қариялар осы мәселені насихаттап, іс жүзіне асырып отырған. Жетімді ешқашан жылатпаған.

Ауруханада емделіп жатқанымда, бір жас қыз іздеп келді.

-Апай, Сіздің қолөнеріңізге қызығып отырмын. Мен де үйренейінші. Мен де жетім балалар үйіне Сізбен бірге барайыншы. Көмектескім келеді өзіңіз сияқты,-деп өтінді. Сөйтіп, ол қызға сол жерде-ақ тоқыма тоқуды үйрете бастадым. Жастарды осындай іске тартуымыз керек. Өйткені, біздің қатарымыз кетіп бара жатыр. Сондықтан, жастар үйренуі керек, олардың қолы ашық, жүрегі мейірімді болуы керек. Өйткені, болашақ солардікі.

Ертеде екі дос болған екен. Біреуі өте бай болып кетіпті де, екіншісі не істесе де байымайды екен. «Досым, ананы істе дедің, істедім, мынаны істе дедің, істедім. Бірақ, мен еш байымай қойдым ғой.»-дейді. Сонда досы: «Ешкі асыра»-депті. Ешкі асыраса, ауласына сыймай көбейіп кетіпті. Бір күні шек-шек деген ауру келіп, ешкілер қырыла бастапты. Амағы таусылған соң, досына келіпті. «Ешкі асыра дедің, асырадым. Ол көбейіп кетті. Енді қара-шы, қырылып қалды. Не болды өзі?»-деп мұңайыпты. Сонда досы: -Иә, малың қырылады,-депті.

-Неге?

-Сен құдайы дегенді білмейсің. Жетімдерге

көмектеспейсің. Сауапты іспен айналыспайсың. Енді өзің де қауіп туып тұр,-депті.

Жігіт үйіне келе салып, ауылдың шетінде тұратын кембағал кемпір-шалға екі ешкісін, жетімдерге екі ешкісін таратып, жарлыларға құдайы беріпті. Сөйтсе, қырылып бара жатқан ешкілер тоқтай қалыпты. Сонда жігіт айтыпты дейді: «О, Құдайым, сенің де сырынды білдік. Бергенді жақсы көреді екенсің»-деген екен.

Сондықтан, қазіргі қос-қос үй алып, байыған үстіне байып бара жатқан байларға, байшекештерге айтарым, тапқандарынды жөншектеріңе сала бермеңдер. Одан да жетім-жесірлерге көмек-

Кәсіпкерлік мектебінде бәрін оқытады, үйретеді. Қолың қимылдаса, аузың қимылдайды. Бұл не деген сөз? Әрине, еңбек ету керек дегенді білдіреді. Қазақ жеті атасына дейін қыз алыспаған, мейірімді, ақылды, қаны таза, дастарханы кең халықпыз. Бірақ, жалпы жалқаулығымыз басым. Сонымен бірге, еліктегішпіз... Мен айтар едім, еліктеудің қажеті жоқ. Не істеу керектігі жазылған, оқып ал да, іске кіріс. Әрине, кәсіпкерлікпен айналысудың да қиындығы жеткілікті. Бар кез болады, жоқ кез болады. Тек шыдамдылық танытқан абзал. Сонда ғана мақсатқа жетуге әбден болады. Негізі мен сәл ертерек туылып қалған адаммын, қазіргідей жағдай жасалып жатқанда, күш-жігерді сарқа жұмыс

істеуге болады.

Қол жеткен жетістіктерім көп болды. «Қыз Жібек» фирмасының ұлттық нақыштағы киімдерін апарып, шетелдерге таныстырдым. Негізі 50 жылдан аса уақыт маңдай терімді төге жұмыс істедім. Әрине, бәрі халқымыз үшін. Бірақ, қаланың да, ауданның да, облыстың да Құрметті азаматы емеспін. Кеудеме орден тақтадым. Мен оған ұмтылғаным жоқ. Өйткені, еңбегімнің бағасын халық беріп қойған. Әрине, атақ-абыроймен бірге, орден-медаль келіп жатса, жақсы ғой. Менің аты-жөнімнің қасында кәсіпкер деген сөз ғана жылады. Осы кезде ғана ойланады екенсің... Кезінде менің мақсатым-тек еңбек ету керек болды. Еңбек және тағы да еңбек. Түн ұйқыны төрт бөліп, тапсырмаларды орындауға құлшындық. 60 жасқа дейін тынбай жұмыс істедім, денсаулыққа қарауға уақыт болмады. Адамның жаны-Алланың аманаты. Жас кезден бастап денсаулықты күткен жақсы. Елімізге дені сау ұрпақ керек. Бәрі оңай емес, әрине. Менің қағидам: қиындықты жеңе білу де-өнер.

Жұмазия
ЖАНҒАБЫЛОВА,
еңбек ардагері,
кәсіпкер ана.

Пайдаңызға жарасын

1. Шай қалташалары ауа тазартқыш ретінде



Бірнеше қолданылған шай қалташаларын ыдысқа салып, тоңазытқышқа қойыңыз. Шай қалташалары тоңазытқыштағы жағымсыз иістерді өздеріне сіңіріп, ауаны тазартады.

2. Сутек тотығы дақтарды кетіреді

Сутек тотығын тек жараларға жа-

гатын антисептик деп білесіз бе? Шын мәнінде ол киімдерден қиын дақтарды кетіре алады, осы қасиетіне байланысты ағартқыштың құрамына кіреді. Бірақ түсті киімге абайлап қолданыңыз.

3. Тіс пастасы тазалауыш құрал ретінде



Тіс пастасы ванна мен ас үйдегі металл беттерін жақсы тазартып, сонымен қатар қолдағы балықтан,

4. Аспирин маса шаққан



жердің ісігіне қарсы Маса шаққан жердің ісігін басудың көптеген жолы бар. Соның тағы да бір жақсы жолы аспирин дәрісін езіп, кішкене су қосып, шаққан жерге басыңыз. Қышығандық пен ісік тез кетеді.

5. Қайшыны өткір қылу үшін

Қайшыны өткір ету үшін алюминий қаңылтырын (фольга) бірнеше рет бүктеп, қайшымен қырқып

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

Біздің әрбір күніміз - психология. Себебі, адамның әрбір іс-қимылы мен сөйлеген сөзі өзі жайынан хабар беріп тұрады. Ал мына төмендегі психологиялық кеңестер өмірде кездесетін түрлі ситуациялар мен өзіңізді, айналаңыздағы адамдарды тануға үйретеді.

1. Бір топ адам күлгенде, әрқайсысы топ ішіндегі өзіне іштей ұнайтын адамына қарап күледі екен.

2. Қолдарының көмегімен әңгімесін түсіндіргісі келген адам, сізге сенеді.

3. Әңгіме барысында басыңызды изеп немесе сұрақ қойып отырсаңыз, тыңдаушылар сіздің сөзі-

ңізге толық кіріге бастайды.

4. Өтірік сөйлеп жатқанда, сөз арасына ұялдыратындай, қымсынатындай оқиға қоссаңыз, сіздің жалған сөзіңіз сенімдірек шығады.

5. Егер адамға сұрақ қойғанда толық жауап бермесе, күте тұрыңыз, ол міндетті түрде әңгімесін

жалғайды.

6. Біздің есімізде аяқталған сабақтан гөрі, үзіліп қалған сабақтар көбірек қалады (бұл Зейгарник эффектісі деп аталады). Сол сияқты бір өннің сөздері ойыңыздан шықпай қойса, сол өлеңнің соңғы қатарын ішіңізден қайталай берсеңіз, тезірек ұмытып кетесіз.

7. Бір адамнан жақсылық жасауды өтінсеңіз, сіз де оған жауап қайтаруға дайын болыңыз.

8. Күйзеліс кезінде сағыз шайнаған көмектеседі.

9. Әңгіме барысында тыңдаушының аяғының

ұшы сізге қарап тұрса, ол сізді шын ниет қойып тыңдап тұрғаны. Ал басқа жаққа бағытталып тұрса, ол тезірек сізден құтылуды қалайды.

10. Егер біреумен танысуға барғанда, есімін ұмытып қаламын деп қорықсаңыз, оның есімін жиі сұрақтарыңызға қосып отырыңыз. Мәселен, «Сәллем, (аты)», «Халің қалай, (аты)?».

11. Егер бір адаммен кездескенде қуанышты екеніңізді білдірсеңіз, ол да шын мәнінде қуанатын болады.

12. Әңгімелесушінің кө-

СІЗ ҚАНДАЙ ДЕҢГЕЙДЕСІЗ?

Жоғарыда айтқанымыздай, адамдардың 90 пайыздан астамының зердесін шел басқан. Зерде адамдардың бәрінде бар, бірақ өмір ағымымен ойсыз ағу зерденің шел басуына соқтырады. Өмірде бақытты, бақытсыз болуыңыз зерденің жұмысына тікелей байланысты. Зерделі адам тек өзіне пайдалы істермен ғана айналысады және сондықтан үнемі жақсы нәтижеге жетеді. Яғни, бақыт ауылының тұрақты тұрғыны болады.

Керісінше, зердесіз пенде қоршаған ортаның ықпалымен өзіне залалды екендігін біле тұра, жаман істерге бой ұрады да, соның нәтижесінде зиянға ұшырап жатады.

Тест: зерденің бар ма, жоқ оны шел басқан ба? Оны анықтағыңыз келсе, мынадай қарапайым ой жаттығуын жасап байқаңыз: Ақ қағаз алып, екі бағанға – біріне пайдалы, екіншісіне пайдасыз деп жазып, соны толтырыңыз. Өзіңіздің күнделікті өмірде үнемі атқарып жүретін істеріңіз пайдалы ма, жоқ па, соған назар аударып, шынайы жазуға тырысыңыз. Егер пайдалы істерді (жұртқа ұнамайтын болса да) көбірек жасайтын болсаңыз, онда зердеңіздің ашық болғандығын

Стресті қалай жеңуге болады

Тоқтатыңыз!

Көптеген адамдар жоғарғы талапты өздеріне аударады. Аз уақыттың ішінде көптеген нәрсеге үлгерушілік – стрестің бірден бір себебі. Егер адам әрқашан берілген уақытта көптеген жұмыстарды істеуге асықса, дәрігерлер мұндай жағдайды асығыстың ауруы деп есептейді. Эмоционалды стресс – мұндай өмірдің бір бейнесін arpsy.kz сайтынан назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Өмірдің ағымын жеңілдету үшін, адамдарға жеңіл әдістердің бірі:

- Бір уақытта бірнеше жұмысты емес, бір ғана жұмысты істеуге тырысыңыз (мысалға, тамақ ішіп отырғанда газет оқымаңыз, телефонмен сөйлесіп отырып, құжаттар қарамаңыз)
- Баяу сөйлеуге тырысыңыз
- Қоршаған адамдармен мейірімді болыңыз, күліңіз,



қанша кешігіп және асығып бара жатсаңыз да.

• Егер сіз машина жүргізіп келе жатсаңыз, жылдам жүргізуге тырыспаңыз.

• Кезек күткенде сабырлы болуға үйреніңіз.

• Іскерлік кездесуді жоспарлағанда, олардың арасында 15 минут үзіліс болсын, сіздің миыңыз және денеңіз демалуды қажет етеді.

• Сіздің күн режиміңізде демалатын уақытыңыз болу керек.

• «Раушан иіскеуге» уақыт табыңыз, яғни өмірдің кішігі-

КӨПЖЫЛҒЫ ЖЕМІСТІ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

«ПЕТРОКАЗАХСТАН ОЙЛ ПРОДАКС» ЖШС
ЖӘНЕ М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҚМУ
«МҰНАЙӨНДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ ХИМИЯСЫ»
КАФЕДРАСЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

«Мұнай өңдеу және мұнай химиясы» кафедрасы ОҚМУ-нің жетекші кафедраларының бірі болып табылады. Кафедрада бакалаврлар, магистрлар, PhD докторлары - «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» – «Мұнайхимиясы» мамандықтары бойынша дайындалады. Сонымен қатар, қысқартылған және жеделделтілген түрдегі білім беру бағдарламалары іске асырылуда.

«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының білім беру бағдарламасы халықаралық мамандандырылған Германиялық тәуелсіз қауымдастығы АСИИН аккредитациясынан өтті. Бұның дәлелі ретінде «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының білім беру сапасы ұлттық рейтингте ҰАРҚ (НААР) және ББСҚТҚА (НКАОКО) білім беру бағдарламасы бойынша 1 орында болуы куәландырады. 2009 жылдан бастап университет бітірушілерге «лейблбакалавр» дәрежесін беру құқығын алды.

Білім мен ғылым маңызды факторға ие болып тұрған заманауи ғаламда, мемлекетіміздің дамуына үлес қосамын деген әр адам сапалы білім алуға ұмтылуы тиіс. Сондықтан, химия – физика пәндерін таңдаған талапкерлерді «Мұнай өңдеу және мұнай химиясы» кафедрасының студенті атануға шақырамыз. Кафедра, болашақ мамандар дайындау саласында, күрделі кәсіпорын «ПетроКазахстан Ойл Продакс» ЖШС-мен тығыз байланыс қатынастық атқаруда. Еліміздің болашақ экономикасын дамыту техникалық білімді инженерлер мамандарының бойында.

«Мұнайөңдеу және мұнай химиясы»
кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.к. профессор С.А. САКИБАЕВА,
х.ғ.к доцент М.Ж.ИДИРИСОВ.

Құмынай торты

Құрамы:

150г шоколадты печенья
60г ерітілген сары май
250г құлпынай
300г құлпынай иогурты
200г сүзбе
100г қант
200мл қаймақ
2 ас қасық желатин
50мл сүт

Торттың дайындалуы

Торттарға арналған қалыпты алып, астына арнайы жылтыр қағазды төсейміз. Печеньемізді майдалап, сары майды қосып, жақсылап араластырып қалыпқа формасын келтіріп салып, тоңазытқышқа саламыз. Жылы сүтке желатинді салып бұқтырамыз да, суытып аламыз. Басқа ыдысқа иогуртты, сүзбе мен қантты миксермен араластырамыз да тортбұрыштап туралған құлпынайымызды салып араластырып дайын қоспамызды алып желатиннің үстіне құямыз. Барлығын жақсылап араластырап, тоңазытқышқа 30 минутқа саламыз. Қаймақты көпіргенше араластырып тоңазытқыштағы қоспамызды алып қаймағымызды қосып араластырып дайын мұссты дайын печеньемен жасалған тортымыздың үстінен құямыз. Дайын тортымызды бір түнге тоңазытқышқа қоямыз.

Ертесіне тортымызды тоңазытқыштан алып, -бетін үкіштен өткізілген шоколадпен және құлпынаймен өрлейміз.



МЕДИАЦИЯ - КҮН ТАЛАБЫ

Медиация заңы өмірге келген күннен бастап, осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіле бастады. Оның тиімділігі де зор. Ел ішінде орын алатын дау-жанжал медиация тәртібімен реттеліп жатса, мұның көпшілікке берері көп екені айтпаса да түсінікті. Бұл жөнінде басылым беттерінде де көп жазылып, теледидардан да көрсетіліп жатыр. Халық арасында оның мазмұны, тиімділігі жайлы жиірек айтылған сайын соғқа жетпей, шешімін тауып жатқан мәселелер көбейді. Әсіресе, отбасындағы кикілжіңнің соңы ажырасуға, балалардың тірі жетім атануына әкеліп соғатын еді. Қазір көп болмаса да, осындай жағдай орын

алатыны өмірдің шындығы. Міне, осы күрделі мәселе медиация тәртібімен оң шешілетіні көңіл қуантып отыр. Демек, бұл отбасы үшін қажет дүние екені айқын. Кеше ғана екі айырылғалы отырған отбасы шаңырағы шайқалмай, түсіністік танытып отырса, бұл медиацияның ықпалы. Сондықтан, медиация заңын халық арасында түсіндіру жұмыстарына баса назар аудару қажеттігі өзінен-өзі түсінікті.

Айгүл ЕЛЮБАЕВА,

Шымкент қаласының мамандандырылған
әкімшілік сотының бас маманы, сот
мәжілісінің хатшысы.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ БИІК

«Ана тілім-ардағым»-деп қастерлейтін жерлестерімді көріп, көңіліме қуаныш ұялайды. Өйткені, Ана тілі-біздің мақтанышымыз. Бабаларымыздың: «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», деп ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырған бір ауыз сөзі дәл бүгін де өміршендігін жоғалтқан жоқ. Кеңес Одағы кезінде мектепті қазақ тілінде бітіріп, жоғары оқу орнына барғанда алғашқы күннен бастап өзге тілде лекция тыңдауға мәжбүр едік. Бұл үйреншікті жағдай сияқты болатын... Аға буынның ортасында

отырғанда сол кездегі тіл тағдыры біраз қиындықтарға тап болғанын білеміз.

Бүгінде жағдай өзгеше. Мемлекеттік тіл мәртебесін алған ана тіліміз өркендеп, өсу үстінде. Қаладағы жарнамаларды мемлекеттік тілде оқитын уақытқа да жеттік... Бүгінде мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздары, хаттама, баяндама ана тілінде рәсімделеді, өз тілінде жұмысыңды жоспарлайсың, тіпті, басылым беттерінде ана тілінде материал жариялап жатқан әріптестерді көргенде қуанасың. Өйткені, ана тілі-

біздің байлығымыз. Тілді құрметтеп, қадірлеу-парыз. Мұны жергілікті халық қана емес, қазақстандық өзге ұлт өкілдері де жақсы түсінеді. Теледидарды көріп отырғанда, ана тілімізде хабар жүргізіп отырған өзге ұлтты көріп, сүйсінеміз. Аулада ойнап жүрген балалар да жүзі басқа болғанымен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, аға буын ұрпақтары. Бұл-бірліктің, ынтымақтың үлгісі. Сондықтан да, тіл мәртебесі қашан да биік.

Зейнағұл

АБДУЛҒАФАРОВА,

Шымкент қаласының
мамандандырылған әкімшілік
сотының жетекшісі маманы.



РАХИМА ПЛАЗА

сауда ойын-сауық орталығы

*Заманауи
үлгідегі бағасы
арзан сауда
орталығы*

- Балалар үшін керемет демалыс орын
- Ерлер-әйелдер және балалар киімдері
- Дәріхана мен асхана
- бесікарбалар мен велосипедтер
- бөлме гүлдері мен картиналар
- алуан түрлі ыдыстар, астаулар



**Мекенжайы: Шымкент қаласы,
«Нұрсәт» м/а.**

Открылось наследство

*** Умерла Салиева Айганыш. Дата смерти: 10.04.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Калтаевой Э.А. по адресу: г. Шымкент, ул. Г.Ильяева, 22-3. Тел.: 30-14-65.

*** Умерла Каныбекова Динара Ализаковна. Дата смерти: 18.03.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаевой Р.К. по адресу: г. Шымкент, ул. Мадели кожа, 1 ЦОН 1 этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умерла Конусова Толганай Лесбековна. Дата смерти: 24.11.2017 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Нарбековой Т.М. по адресу: г. Шымкент, мкр. Катин копр, ул. Аль-Фараби, 6/н. тел.: 8 775-197-13-64.

*** Умер Конишевский Борис Алексеевич. Дата смерти: 06.12.2017 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Рахметовой Г.Р. по адресу: г. Шымкент, ул. Г.Ильяева 15-26.

О ликвидации

*** ТОО «KAZGHERMET-SHYMKENT» (БИН 180340015201) объявляет о своей ликвидации. Все претензий принимаются с момента публикации в течении двух месяцев по адресу: ЮКО, г. Шымкент, Енбекшинский район, улица Клара Цеткин, здание 159, почтовый индекс 160009.

*** ТОО «Рекламное агентство «Wow Media» (БИН 150840010025) объявляет о своей ликвидации. Все претензий принимаются с момента публикации в течении двух месяцев по адресу: ЮКО, г. Шымкент, пр. Республики, дом 17.

Жарамсыз деп танылсын

*** Жеке кәсіпкер Базарбаев Зафар Юлдашевич атына берілген 2011 жылы шыққан, зауыт №АА01204922, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Джаппарова Улмас Аратовна атына берілген «Күміс алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Турлыбаева Лаззат Едилбаевна атына берілген «Күміс алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Абдурахманов Абдурахим Абдусаттарович атына берілген 2003 жылы шыққан, зауыт №002-27420, Астра – 100 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Исламов Рустамбек Равшанбекович атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №00227420, Астра – 100 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жанкараева Оразкуль Усербаевна атына «Өрлеу» БАҰО АҚФ ОҚО бойынша ПҚБА институтынан 27.03.01.04.2017 ж. аралығында берілген №0201093 сертификаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Дробот Алексей Васильевич атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт АА0081131, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Даулеталиева Акмарал Амирсейтовна атына берілген «Күміс алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Бердибеков Валихан Абдукадырович атына 7.02.2014 жылы берілген №010535 «ҚР зейнетақымен қамсыздандыру» туралы куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Ақылбекова Меруерт Атына ОҚО, Сайрам ауданы, Әсіл арық елді мекені, Қарабұлақ ауылы мекенжайы бойынша 25 соттық жерге берілген мемлекеттік АКТ және сату-сатып алу келісім-шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Мусаева Улбосын Жалаловна атына берілген «Күміс

алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Мир-хашимов М. атына берілген Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппаратының тіркеу картасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Нұрмат Бағдаулет Асанұлы атына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Қанағат» ЖШС атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт №6295, Элит-Микро КЗ маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Наркулов Султанбек Мавланкулович атына берілген 2002 жылы шыққан зауыт №42202, ОКА 102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Пратов Миразим Абдазимович атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №АА00332497, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Орманова Д.Н. атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №108788, Микро 103 F маркалы бақылау кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Яров Олег Борисович атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Усова Диана Игоревна атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Бекшораев Нурмахан Музаппарович атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Любимова Оксана Анатольевна атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Шарифбаева Г.Х. атына берілген 2001 жылы шыққан зауыт №50723, ОКА 102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Жер телімі сатылады
(фундаменті бар,
қоршалған).

Пахтакор-2.
Бағасы келісіммен
Тел.: 8 778-818-09-89

**Ремонт телевизоров
и спутниковых антенн**

Тел.: 56-17-58, 8 702-243-45-54,
8 771-670-72-37